

Республиканский научно-методический журнал

# КЕМЕНГЕР

USTAZ.KZ

Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы



Биология

Ғылымдарының  
магистрі, биология  
пәнінің мұғалімі,  
педагог-зерттеуші

"Ұстаз – жүректен  
жол тапқан  
шырақ пен  
шамшырақ."

**Избасханова Куанар  
Сериковна**

ISSN: 2959 - 0183

№11(1) (2025 ж. Қараша/Ноябрь 2025 г.)

# KEMEŃGER

*ustaz.kz*

ISSN: 2959 - 0183

«KEMEŃGER USTAZ.KZ» республикалық ғылыми-әдістемелік журналының  
№11(1) (2025 ж. Қараша) шығарылымы.  
Выпуск №11(1) (Ноябрь 2025 г.) республиканского научно-методического журнала  
«KEMEŃGER USTAZ.KZ».

Басылымның кезеңділігі - айына 1 рет шығады

Периодичность издания — один раз в месяц.

№ KZ61VPY00045006 есепке қоюы туралы  
**КУӘЛІК**

## **СВИДЕТЕЛЬСТВО**

о постановке на учет № KZ61VPY00045006

Қазақстан Республикасы Ақпарат және  
қоғамдық даму министрлігі Ақпарат  
комитетінде берілген

Выдано Комитетом информации Министерства  
информации и общественного развития Республики  
Казахстан

## **ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТЫ:**

білім беру саласындағы оқу-әдістемелік, ғылыми-  
тәжірибелік, ақпараттық -сараптамалық,  
педагогикалық инновациялық тәжірибелерді тарату  
бойынша материалдар жариялау.

## **ТЕМАТИЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ:**

публикация материалов по распространению учебно-  
методического, научно-практического,  
информационно-аналитического, педагогического  
инновационного опыта в области образования.

## **РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ / РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

Бас редактор:/ Главный редактор: Баянды Ерлан

Дүйсенбекова Б.Н. – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қарағанды  
медицина университеті

Дүзбаева Н.М. – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Академик Е.А.  
Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Каскарбаева Б.Б. – педагог-шебер

Қасқабаева Ф.С. – педагог-шебер

Есенова Ш.Б. – педагог-зерттеуші

Иманбек Ә.О. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі

Алшынов А.Ә. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі

Корректор / корректор: Кәкіш Мерей Ертайқызы

Жауапты хатшы / ответственный секретарь: Есбергенов Айдын Ардақұлы

Материалдардың анықтығына авторлар  
жауапты болады.

Редакция материалдарды қабылдамауға  
құқылы.



Ответственность за достоверность  
материалов несут авторы. Редакция  
оставляет за собой право отклонять  
материалы

«KEMEŃGER USTAZ.KZ» ғылыми-әдістемелік журналының авторларға арналған ережелерімен QR-кодты сканерлеу арқылы таныса аласыз.  
С правилами для авторов научно-методического журнала «KEMEŃGER USTAZ.KZ» вы можете ознакомиться, отсканировав QR-код.

## Мазмұны / Содержание

<b>Досқайрова А.Ж.</b> Жамбыл облысы флорасының биологиялық әртүрлілігі мен оны қорғаудың ақпараттық негіздері.....	4
<b>Абдулина Е.К.</b> Мир химических экспериментов: развитие познавательного интереса к химии через практическую деятельность.....	8
<b>Саркытова Б.С.</b> «Қыздар-нәзік жандар!» демалыс кеші .....	10
<b>Нуркаскаева Г.К.</b> Мәтін талдауға үйрету арқылы оқушылардың сөйлеу дағдыларын және ойлау қабілетін арттыру .....	14
<b>Құдабаева А.Е.</b> Қазақ тілі сабағында өзге тілді оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту.....	17
<b>Алқанова Ә.Д.</b> Бастауыш мектеп оқушыларына каллиграфиялық жазуды меңгертудің педагогикалық маңызы.....	20
<b>Нургалиева Г.Н.</b> Шоқан Уәлиханов: қазақ тарихында көрнекті зерттеуші және саяхатшы тұлға .....	23
<b>Туфанова Б.И.</b> Инновационные системы в образовании: путь к обучению будущего .....	27
<b>Талғат М.Ә.</b> 6- сыныпқа арналған лексикалық - грамматикалық минимуммен жұмыс.....	29
<b>Туфанова Б.В.</b> Рисование по клеточкам - один из эффективных методов развития пространственного мышления и математических навыков у младших школьников .....	31
<b>Муконова Г.А.</b> Балабақшада сюжеттік-рөлдік ойындарды қолданудың тиімділігі .....	33
<b>Баймуратова Г.Ш.</b> «Термохимия негіздері бойынша оқытуда пәнаралық байланысты жүзеге асыру» .....	35
<b>Темирбекова Г.Ж.</b> Мектепалды даярлықтағы интеграциялық оқыту ерекшеліктері .....	38
<b>Сатымбаева Р.Т.</b> «Қалыптастырушы бағалау тапсырмалары – оқушыны табысқа жетелейтін көпір.» .....	41
<b>Сағымбек И.М.</b> Геометрия және функционалдық сауаттылық: оқыту әдістері мен практикалық тапсырмалар .....	42
<b>Утарова Д.Б.</b> Поведенческие технологии в обучении детей с особыми образовательными потребностями.....	44
<b>Темирова Б.А.</b> Язык меня правде и доброте научил.....	47
<b>Косаева К.К.</b> Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу дағдыларын шығармашылық жұмыстар арқылы дамыту әдістемесі .....	50
<b>Бокаева Ж.Е.</b> «Алма суретін бояймыз».....	53
<b>Исламова Ш.А.</b> Арнайы білім беру процесінде оқушылардың сөйлеу тілін дамыту әдістері .....	55
<b>Сабыр Н.А.</b> «Цифрлық ресурстарды қолдану тәжірибесі ауыл мен қала мектебіндегі айырмашылық» .....	58
<b>Рустамова Д.А.</b> "Мектепалды сынып оқушыларының жасанды интеллект (ЖИ) көмегімен дамуы" .....	62
<b>Оразова С.А.</b> «Қазақтың ұлттық ойындары арқылы құндылықтарды сіңіру және қимыл-қозғалысты дамыту».....	63
<b>Ешниязова Т.С.</b> «Интерактивті дәптер әдісі арқылы оқушының оқу жетістігін арттыру»....	65
<b>Кәмалова Ж.Б.</b> «Ғажайып математика».....	68
<b>Садуақасова Р.Н.</b> Мультфильмдер мен анимацияларды сабақта қолдану арқылы оқушылардың эмоционалдық дамуы мен түсіну қабілетін арттыру .....	70
<b>Кенжебаев Т.А.</b> Бастауыш сынып оқушыларына дене шынықтыру сабағының маңыздылығы .....	72
<b>Сергеева Л.В.</b> Школьная теплица как экологический и коррекционно-развивающий ресурс в инклюзивном образовании.....	74
<b>Мухамбетова А.Ж.</b> «Сандар әлемін зерттеу» авторлық бағдарламасы арқылы бастауыш сынып оқушыларының математикалық және цифрлық сауаттылығын дамыту әдістемесі.....	76
<b>Амантаева Б.Н.</b> «Математикалық жаңа әдіс-тәсілдерді бастауыш сыныптарда қолданудың ерекшеліктері мен мүмкіндіктері» .....	81

**Досқайрова Айдана Жақсыбайқызы**  
7M05111- «Жалпы биология» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты  
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті  
Тараз қ.

## **ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ФЛОРАСЫНЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ӘРТҮРЛІЛІГІ МЕН ОНЫ ҚОРҒАУДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

### **Аннотация**

Бұл мақалада Жамбыл облысының өсімдік жамылғысының биологиялық әртүрлілігін сақтау мәселелері және оны қамтамасыз етудің ақпараттық негіздері қарастырылған. Облыстың табиғи-климаттық ерекшеліктері, флоралық байлығы мен эндемдік түрлердің таралу заңдылықтары сипатталған. Сирек және жойылып бара жатқан өсімдіктердің қазіргі жағдайы мен оларды қорғау бағыттары талданады. Сонымен қатар өсімдіктер әлемін зерттеу мен мониторинг жүргізуде геоақпараттық жүйелер (GIS), қашықтықтан зондтау, биологиялық деректер базасы және цифрлық гербарий сияқты ақпараттық технологияларды қолданудың тиімділігі айқындалған. Ақпараттық жүйе құрудың үлгісі мен оның биологиялық әртүрлілікті сақтаудағы рөлі көрсетілген.

**Кілт сөздер:** биологиялық әртүрлілік, өсімдік жамылғысы, флора, эндемдік түрлер, ақпараттық жүйе, геоақпараттық технология, экологиялық деректер базасы.

Қазіргі таңда биологиялық әртүрлілікті сақтау – әлемдік деңгейдегі маңызды экологиялық міндеттердің бірі. Әсіресе Қазақстан аумағындағы табиғи флораның байлығы мен эндемдік түрлердің көп болуы осы бағыттағы зерттеулердің өзектілігін арттырады.

Жамбыл облысы – флоралық құрамы ерекше, өсімдік әлемі сан алуан табиғи аймақтардың бірі. Мұнда далалық, шөлейт және таулы экожүйелер қатар кездеседі. Осындай экологиялық және географиялық ерекшеліктер өсімдік әлемінің бай әрі күрделі құрылымын қалыптастырған [1-3].

Алайда соңғы жылдары антропогендік қысым, жер ресурстарын шамадан тыс пайдалану, климаттық өзгерістер нәтижесінде облыс флорасының бірқатар түрлері жойылып кету қаупіне ұшырауда. Осыған байланысты өсімдіктердің биологиялық әртүрлілігін сақтау және оны жүйелі түрде басқару үшін ақпараттық технологияларды қолдану қажеттілігі туындап отыр.

Жамбыл облысы – Қазақстанның оңтүстігінде, Шу, Талас және Қаратау жоталарының тоғысында орналасқан ірі табиғи-географиялық өңір. Аумағы шамамен 144,3 мың км<sup>2</sup>, ол республиканың барлық табиғи зоналарының дерлік элементтерін қамтиды: шөл, шөлейт, дала және биік таулы белдеулер. Осындай әртүрлі табиғи жағдайлар аймақтың өсімдік әлемінің бай әрі ерекше болуына себеп болады.

**Географиялық және климаттық жағдайы.** Жамбыл облысы батыстан шығысқа қарай 400 км-ге созылып жатыр. Солтүстігінде – Балқаш көлі ойпаты, оңтүстігінде – Қырғыз Алатауы мен Талас Алатауының сілемдері.

Климаты – континенттік, жазы ыстық әрі құрғақ, қысы суық. Жауын-шашын мөлшері: жазық және шөлді аймақтарда – жылына 150–250 мм, тау бөктерінде – 400–600 мм, биік таулы бөліктерде – 800 мм-ге дейін жетеді. Осындай климаттық градиент өсімдіктердің тік белдеулік таралуын қалыптастырады [4-7].

**Өсімдік жамылғысының зоналық ерекшелігі.** Жамбыл облысының өсімдік әлемін төрт негізгі экологиялық-географиялық аймаққа бөлуге болады:

Кесте 1–Жамбыл облысы флорасының экологиялық-географиялық аймақтар бойынша бөлінуі

№	Аймақ	Негізгі өсімдіктер	Ерекшеліктері
1	Шөл және шөлейт зонасы (Мойынқұм, Шу аудандары)	<i>Salsola arbuscula</i> , <i>Calligonum</i> spp., <i>Haloxylon aphyllum</i>	Құмды және сазды топырақтарда өсетін шөлге бейімделген бұталар мен жартылай бұталар басым
2	Далалық және тау бөктері белдеуі (Жуалы, Байзақ, Талас аудандары)	<i>Stipa capillata</i> , <i>Festuca valesiaca</i> , <i>Artemisia</i> spp.	Жайылымдық шөптер мен эфемероидтар кең тараған
3	Тау белдеуі (Қаратау, Талас Алатауы)	<i>Juniperus semiglobosa</i> , <i>Rosa</i> spp., <i>Cotoneaster</i> spp.	Эндемдік және реликт өсімдіктер шоғыры көп кездеседі
4	Өзен аңғарлары мен тоғайлар	<i>Populus diversifolia</i> , <i>Salix songarica</i> , <i>Tamarix</i> spp.	Шу, Талас өзендерінің бойында тоғайлық флора қалыптасқан

Жамбыл облысы флорасының зоналар бойынша түрлік құрылымын сипаттау мақсатында өсімдік қауымдастықтарының негізгі көрсеткіштері (түр саны, эндемизм деңгейі және Қызыл кітапқа енген түрлердің үлесі) есептелді. Нәтижелер төмендегі 2-кестеде берілген.

Кесте 2–Жамбыл облысы өсімдік жамылғысының аймақтар бойынша түрлік әртүрлілігі

№	Аймақ	Түр саны	Эндем түрлер үлесі (%)	Қызыл кітапқа енген түрлер саны
1	Шөл және шөлейт	600	4	6
2	Дала және тау бөктері	950	6	10
3	Тау белдеуі	700	9	25
4	Өзен аңғарлары	250	3	4
	Барлығы	2500	~8	45–50

**Эндемдік және сирек түрлер.** Жамбыл облысы – Қазақстандағы флоралық эндемизм деңгейі жоғары аймақтардың бірі. Жалпы флоралық құрам шамамен 2500–2600 түрді қамтиды, оның 200-ден астамы сирек және эндемдік өсімдіктер қатарына жатады [8].

Маңызды эндемдік және сирек кездесетін түрлер:

-*Tulipa greigii* – Қаратау және Мерке жоталарында өсетін әдемі эндем түр, ҚР Қызыл кітабына енгізілген.

-*Iris korolkowii* – Қаратаудың тастақты беткейлерінде кездеседі, сәндік маңызы жоғары.

-*Ferula karatavica* – дәрілік және эфирмайлы өсімдік.

-*Adonis vernalis* – ерте көктемде гүлдейтін дәрілік түр.

-*Rhodiola rosea* – биік таулы белдеудің сирек кездесетін адаптогендік өсімдігі.

Осы өсімдіктердің көпшілігі шектеулі ареалда ғана таралған, экологиялық жағдайдың өзгеруіне өте сезімтал.

**Қорықтар мен қорғалатын аумақтардағы флора.** Жамбыл облысының өсімдік әлемін қорғау мақсатында бірнеше ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ұйымдастырылған:

-Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы (2004 ж. құрылған) – Қаратау жотасының эндемдік флорасын сақтау үшін. Мұнда 1500-ден астам өсімдік түрі бар, оның 60-қа жуығы эндем [9].

-Мерке мемлекеттік табиғи қорықшасы – аршалы ормандар мен альпілік флораны қорғауға бағытталған.

-Ақсу-Жабағылы қорығының солтүстік сілемдері Жамбыл облысына тиесілі, мұнда жоғары белдеулік өсімдіктер таралған.

Бұл қорықтарда сирек және жойылып бара жатқан түрлердің табиғи популяцияларын сақтау және зерттеу үшін геоақпараттық мониторинг жүйелері енгізіле бастады.

**Дәрілік және шаруашылық маңызы бар өсімдіктер.** Жамбыл облысында дәрілік өсімдіктердің 300-ден астам түрі кездеседі. Олардың ішінде:

-*Glycyrrhiza uralensis* (мия) – фармацевтикада кең қолданылатын түр;

-*Mentha longifolia* (жабайы жалбыз) – эфир майына бай;

-*Achillea millefolium* (жолжелкен) және *Hypericum perforatum* (жоңышқа) – халық медицинасында жиі қолданылады. Сондай-ақ аймақта мал азықтық және балды өсімдіктердің қоры мол, бұл ауыл шаруашылығы үшін маңызды ресурс болып табылады [10].

Жамбыл облысының өсімдік әлемі экологиялық, шаруашылық және ғылыми тұрғыдан аса құнды. Әртүрлі экологиялық аймақтардың тоғысуы флоралық байлық пен эндемизм деңгейін арттырған. Бұл табиғи байлықты тиімді пайдалану және келер ұрпаққа жеткізу үшін ақпараттық жүйелер мен цифрлық мониторингті дамыту – басты бағыттардың бірі болып саналады.

**Биологиялық әртүрлілікті сақтау мәселелері.** Жамбыл облысының өсімдіктер дүниесіне әсер ететін негізгі факторлар:

- ауыл шаруашылығына жарамды жерлердің кеңеюі;
- шөп шабу мен мал жайылымының артуы;
- өндірістік ластану мен орман-тоғайлардың қысқаруы;
- жаһандық климаттың өзгеруі.

Облыс аумағында өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері Қызыл кітапқа енгізілген [11].

Кесте 3 – Жамбыл облысының сирек және жойылып бара жатқан өсімдік түрлері

№	Өсімдік түрі	Статусы	Таралу аймағы
1	<i>Tulipa greigii</i>	Эндем, сирек	Қаратау, Мерке, Жуалы
2	<i>Adonis vernalis</i>	Дәрілік, азайған	Талас, Байзақ
3	<i>Iris korolkowii</i>	Эндем, жойылып бара жатқан	Қаратау сілемдері

Мұндай түрлерді сақтау үшін тек биологиялық емес, ақпараттық-инновациялық тәсілдер қолдану қажет.

3. Ақпараттық негіздер мен цифрлық технологиялар

Бүгінгі күні флораны қорғауда ақпараттық технологиялар үлкен рөл атқарады.

Жамбыл облысы үшін келесі бағыттар аса тиімді:

1. Геоақпараттық жүйелер (GIS) – өсімдіктердің таралу картасын жасауға мүмкіндік береді.

- ArcGIS немесе QGIS бағдарламалары арқылы флораның кеңістіктік деректерін картаға түсіру;

- экожүйелердің өзгеру динамикасын жылдар бойынша бақылау.

2. Биологиялық деректер базасы (PlantDB) – түр атауы, фотосуреті, координаттары, қорғау статусы, фенологиялық кезеңдері енгізілген цифрлық база.

3. Қашықтықтан зондтау (Remote Sensing) – спутниктік суреттер арқылы өсімдік жамылғысының жағдайын талдау.

4. Мобильдік қосымшалар мен QR-кодталған гербарийлер – білім беру және қоғамды тарту құралы. Мысалы, әр өсімдіктің гербарий парағына QR-код енгізіп, ол код арқылы интернеттен сол түр туралы толық ақпарат алу.

5. Биоинформатика элементтері – ДНҚ-баркодтау деректерін флоралық базаға енгізу арқылы түрді дәл анықтау мүмкіндігі.

4. Ақпараттық жүйе құрудың үлгісі

Ақпараттық жүйені құру кезеңдері төмендегідей:

1. Деректер жинау – гербарий материалдары, далалық зерттеу нәтижелері, спутниктік суреттер, әдеби деректер.

2. Деректерді стандарттау – латынша және қазақша атаулар, координаттар, ареал сипаттамасы.

3. База құру – Access, Excel немесе арнайы веб-платформада енгізу.

4. Карта құрастыру – GIS бағдарламаларында визуализация.

5. Мониторинг және жаңарту – деректерді жыл сайын толықтыру.

Осылайша, ақпараттық негіз өсімдік әлемін сақтауда тиімді басқару құралына айналады.

Жамбыл облысы – Қазақстанның флоралық байлығы мол өңірлерінің бірі. Мұндағы өсімдіктердің биологиялық әртүрлілігін сақтау тек табиғи қорғаныс шараларымен ғана шектелмей, ақпараттық жүйелер арқылы ғылыми негізде басқаруды талап етеді.

Геоақпараттық технологиялар, биологиялық деректер базасы, қашықтықтан мониторинг және цифрлық гербарийлерді енгізу арқылы аймақтық экологиялық саясатты жаңа деңгейге көтеруге болады.

### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстанның Қызыл кітабы. Өсімдіктер. – 2-басылым. – Алматы: «Білім», 2014. – 452 б.

2. Байтулин И.О., Вильчек Г.Е. Флора и растительность Казахстана. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 356 с.

3. Наурызбаев А.М., Жамалбекова А.Т. Өсімдіктер экологиясы және биогеографиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 280 б.

4. Мерке мемлекеттік табиғи қорықшасы: флора және фауна. – Тараз: «Тұран» баспасы, 2022. – 58 б.

5. Төлеубаева Л.С., Исаева Г.Ж. Қазақстан флорасын зерттеу әдістері. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 212 б.

6. Global Biodiversity Information Facility (GBIF). – Режим доступа: <https://www.gbif.org>

7. Жамалова А.К. Жамбыл облысы флорасының өсімдік түрлері мен олардың экологиялық топтары. – Тараз: ТарМУ баспасы, 2021. – 115 б.

8. Жолдасбаев Б.Т. Қазақстан флорасын қорғаудағы геоақпараттық жүйелердің маңызы. // ҚР ҰҒА Хабарлары. Биология сериясы. – 2022. – №3. – Б. 45–52.

9. Алиева А.К., Кенжетеева Р.С. Деректер базасын құру арқылы флоралық мониторингті жетілдіру. // Экология және тұрақты даму. – 2021. – №2(70). – Б. 60–67.

10. Биологиялық алуан түрлілікті сақтау жөніндегі ұлттық баяндама. – Астана: ҚР ЭТРМ, 2023. – 84 б.

11. Жалелов Н.Ш. Қазақ даласының өсімдіктер дүниесі және оны қорғау жолдары. – Алматы: «Эверо» баспасы, 2019. – 198 б.

**Абдулина Елнур Каипкызы**

Учитель химии, педагог-модератор, магистр техники и технологии  
КГУ «Общеобразовательная школа №77»  
г. Алматы

## **МИР ХИМИЧЕСКИХ ЭКСПЕРИМЕНТОВ: РАЗВИТИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНОГО ИНТЕРЕСА К ХИМИИ ЧЕРЕЗ ПРАКТИЧЕСКУЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ**

### **Аннотация**

В статье рассматриваются современные подходы к формированию познавательного интереса школьников к химии через экспериментальную деятельность. Описаны методы, формы и приёмы, направленные на вовлечение учащихся в активное познание химических явлений, проведение безопасных и наглядных опытов с применением доступных материалов. Особое внимание уделяется формированию практических умений, исследовательской культуры и осознанию связи химии с повседневной жизнью.

**Ключевые слова:** химия, эксперимент, исследовательская деятельность, интерес к обучению, практико-ориентированный подход, внеурочная деятельность.

Современное образование переживает глубокие изменения, связанные с переходом от передачи готовых знаний к развитию у учащихся умений самостоятельно открывать, исследовать и применять эти знания на практике. В условиях стремительного научно-технического прогресса и цифровизации общества одной из важнейших задач школы становится формирование личности, способной мыслить критически, наблюдать, анализировать и делать самостоятельные выводы.

Особое значение в этом процессе приобретает преподавание естественнонаучных дисциплин, и прежде всего химии. Химия - это не просто совокупность формул и реакций, а наука, которая помогает понять закономерности окружающего мира, объяснить повседневные явления и научиться применять знания в быту. Однако практика показывает, что у многих школьников интерес к химии со временем снижается. Это происходит из-за того, что обучение часто строится в абстрактной форме, без наглядных примеров и без связи с жизненным опытом учащихся.

Преодолеть эту проблему помогает использование экспериментальной деятельности - самой увлекательной и продуктивной формы изучения химии. Эксперимент не только оживляет учебный процесс, но и делает знания осознанными и прочными, а самое главное — вызывает у ребёнка желание познавать, исследовать, открывать новое.

В школьной практике особенно эффективными оказываются простые и безопасные опыты, которые учащиеся могут воспроизвести самостоятельно, используя доступные материалы. Такие эксперименты позволяют показать, что химия присутствует в каждом доме - в воде, пище, чистящих средствах, воздухе, окружающих предметах. Через наблюдение за знакомыми явлениями дети начинают понимать суть химических процессов, что пробуждает у них любознательность и уверенность в своих силах.

Направление «Мир химических экспериментов» основано на идее вовлечения школьников в активное познание через практику, игру, исследование и творческое применение знаний. Оно объединяет научность и занимательность, формирует положительное отношение к предмету и помогает увидеть в химии не только учебную дисциплину, но и средство познания реального мира.

Таким образом, актуальность темы заключается в необходимости повышения интереса учащихся к химии через практическую, экспериментальную и исследовательскую

деятельность, что отвечает современным задачам образования и формирует у школьников компетенции XXI века.

Формирование устойчивого интереса к химии — одна из ключевых задач современного образования. Без внутренней мотивации обучение становится формальным, а знания быстро забываются. Именно поэтому перед педагогом стоит задача не только научить, но и увлечь, пробудить в ребёнке желание задавать вопросы, наблюдать, исследовать и искать ответы.

Химический эксперимент обладает уникальной способностью “зажигать” познавательный интерес. Когда ребёнок собственными глазами видит, как из бесцветных жидкостей рождается яркое пламя, как молоко превращается в «радугу», как шарик надувается сам по себе, — это вызывает удивление, восхищение, искренний восторг. Эти эмоции — первый шаг к глубокому познанию. Ведь именно через эмоциональный отклик ребёнок приходит к пониманию сути происходящего и к желанию узнать больше.

Психологи отмечают, что любопытство — природное качество ребёнка, а эксперимент даёт ему возможность безопасно удовлетворять это любопытство. Каждый опыт становится маленьким открытием, а каждая реакция — подтверждением того, что мир вокруг можно не только наблюдать, но и объяснять. В этот момент происходит самое важное — переход от простого “интересно” к осмысленному “почему?”, который лежит в основе научного мышления. Чтобы поддерживать интерес школьников, важно, чтобы эксперименты были понятными, визуально яркими и эмоционально насыщенными. Учителю необходимо создавать атмосферу исследовательской игры, где ошибка не наказывается, а становится поводом для размышления. Например, если результат опыта оказался неожиданным, педагог не даёт готовый ответ, а предлагает детям самим выдвинуть гипотезы:

“Почему пламя поменяло цвет?”,

“Что произошло с водой после добавления порошка?”,

“Можно ли изменить результат, если использовать другие вещества?”

Такие вопросы стимулируют мышление, заставляют детей рассуждать и доказывать свою точку зрения. Именно в этот момент они начинают чувствовать себя настоящими исследователями, а не просто учениками, выполняющими инструкцию.

Большое значение имеет и эмоциональная подача материала. Если учитель сам увлечён химией, его энергия передаётся детям. Педагог превращает каждый опыт в маленькое научное шоу, но с обязательным объяснением сути происходящего. Так, зрелищность становится не самоцелью, а средством развития мышления.

Эффективным инструментом мотивации также является интерактив и коллективное обсуждение. После эксперимента учащиеся делятся своими наблюдениями, спорят, делают выводы, записывают результаты. Такое общение развивает не только познавательную, но и коммуникативную активность — дети учатся выражать свои мысли, аргументировать позицию, слушать других.

Кроме того, важно формировать у школьников ощущение личного успеха. Даже самый простой опыт, выполненный самостоятельно, даёт ребёнку чувство гордости: “Я сделал это сам, у меня получилось!”. Этот момент самореализации особенно ценен — он закрепляет внутреннюю мотивацию, усиливает веру в собственные способности и желание узнавать новое.

Таким образом, химический эксперимент становится не только методом обучения, но и инструментом формирования эмоционально-познавательной мотивации. Он объединяет радость открытия, исследовательскую активность и личностное развитие ребёнка. Благодаря этому химия перестаёт быть сложным и абстрактным предметом, превращаясь в захватывающий мир открытий, в котором каждый ученик чувствует себя маленьким учёным.

Экспериментальная деятельность в обучении химии открывает перед учащимися не только путь к познанию законов природы, но и возможность почувствовать себя исследователями, творцами, открывателями нового. Через проведение опытов школьники учатся наблюдать, анализировать, делать выводы, связывать теорию с практикой, а главное —

видеть в химии живую науку, окружающую их повсюду. Практико-ориентированный подход, реализуемый через простые и безопасные эксперименты, способствует развитию познавательной активности, самостоятельности и уверенности в собственных силах. Такие занятия формируют у школьников исследовательскую культуру, ответственность, бережное отношение к безопасности, а также пробуждают устойчивый интерес к предмету.

Таким образом, «Мир химических экспериментов» — это не просто методическая идея, а педагогическая философия, в основе которой лежит вера в любознательность ребёнка, в его способность мыслить, творить и открывать новое. Химия в этом контексте становится не только учебным предметом, но и мощным средством формирования научного мировоззрения и жизненных компетенций XXI века.

Список литературы:

1. Бурмистрова, Н. В. Методика преподавания химии в основной школе : учебное пособие. — М. : Просвещение, 2021. — 184 с.
2. Габриелян, О. С. Химический эксперимент как средство развития познавательного интереса учащихся : методическое пособие. — М. : Академия, 2019. — 156 с.
3. Кузнецова, Т. А. Практико-ориентированный подход в обучении естественнонаучным дисциплинам // Педагогика и образование. — 2020. — № 4. — С. 42–47.
4. Назарова, Е. А. Современные формы внеурочной деятельности по химии : методическое пособие. — СПб. : Лань, 2022. — 128 с.

**Саркытова Багдат Сейжановна**

Тәрбиеші

"Жетісу облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің

"Талдықорған қаласының облыстық №1 "балабақша-мектеп-интернат" арнайы кешені"

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

## **«ҚЫЗДАР-НӘЗІК ЖАНДАР!» ДЕМАЛЫС КЕШІ**

Мақсаты:

1. Әр қыз баланы парасатты, жан - жақты білімді болуға, әсемдік, сұлулық әлемін түсіндіру.

2. Сөздік қорын молайту, дыбыстарды қадағалау, есте сақтау қабілетін дамыту.

3. Қыздарды халқымыздың ізгі қасиеттері: имандылыққа, инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелеу.

Байқаудың шарттары төмендегідей:

1. «Мен қазақтың қызымын» таныстыру

(қатысушылар өздерін осы сөзбен, өлеңмен, әнмен таныстырады)

2. «Қызды тәрбиелеген - ұлтты тәрбиелейді»

(Қыз бала тәрбиесіне байланысты даналық сөздердің мағынасын ашу)

3. «Өнер»

(Өн айту –жест әні), би билеу)

4. «Сұлулық сыры»

(Музыка ырғағымен шаш үлгісін көрсету)

5. «Зерделінің ойы озық»

(Лездік сұрақтарға жауап беру)

1-жүргізуші: Құрметті ұстаздар және мектеп оқушылары! Қазақ қызы десе ашық, бірақ жүзінде ұяндық бар, әдепті, инабатты жан елестейді. Бүгінде сол әдепті де әдемі, инабатты да

мейірімді ару қыздарымыз сынға түскелі тұр. «Көктем аруы-2024» байқауына қош келдіңіздер!

2-жүргізуші: Мың бұралған арулар аңдап басып,  
Келеді міне ортаға толқып тасып  
Аруларын сыйлаған, халқым менің,  
Көңілді қошеметпен қарсы алайық!  
(Арулар ортаға шығады)

1-жүргізуші: Ал, халайық, аруларға тамсанайық,  
Қыз қылықты дегенге ән салайық.  
Атына заты сай аруларға  
Тағы да бір қол соғып қарсы алайық.

2-жүргізуші: Мерекемізді Батырханның орындауында «Қыздар, қыздар» әсем әнімен бастайық.

1-жүргізуші: Уа, арулар, арулар! Ешкімің жоқ алалар.  
Ару болу үлкен сын, оны қазың бағалар. - деп әділқазылар алқасымен таныс болыңыздар. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Клышбаева А.К  
Әлеуметтік педагог Қасқарбеков Қ. Қ

2-жүргізуші: Бойжеткен арулар келіп жетті танысуға,  
Бойындағы бар дарынды дарытуға.  
Қорықпастан сахнаға келіп жетті,  
Әдеппен, ізетпенен танысуға.

Таныстыру бөлімі бойынша ару қыздарымыздың әділ бағасын сұраймыз

1-жүргізуші: Пір тұтқан адамдықты, адалдықты,  
Көркімен таң қалдырған тамам журтты.  
Қыздардың қылығымен өмір қызық,

Қыздардың гұмырымен заман құтты - дегендей байқаудың 2-ші кезеңі «Қызды тәрбиелеген - ұлтты тәрбиелейді» деп аталады. Бұл кезеңде қыз бала тәрбиесіне байланысты даналық сөздердің мағынасын ашу бойынша аруларымыз сынға түседі.

1. «Қыздың жиған жүгіндей»

Бұл теңеу қыз баланың ұқыптылығын, шеберлігін көрсетеді. Өздеріне тән нәзіктілігімен, сүйкімділігімен, сыртқы және ішкі сымбаттылығымен ерекше екендігін айтқан.

2. «Қыз өссе — елдің көркі, гүл өссе - жердің көркі»

Біздің халқымызда «қыз» деген сөздің өзі әдеміліктің, жан-жақты сұлулықтың символы ретінде қолданылады. Қыз баланы гүлге теңеп, көрікті болатынын аңғартады. «Елдің көркі» деп қыз баланың айрықша әдептілігіне көңіл бөліп, олардың жүрегін жылылыққа бөлеп, жандарын жаманшылықтан аластап өсірген.

Қыз баланың сүйкімділігінен, жанының нәзіктілігінен шыққан сөздер.

3. «Қызға қырықкүйден тыйым»

Қыз бала тәрбиесіне ата-ана ғана емес, көрші-қолаң, туған-туыс, ауыл-аймақ болы сергектікпен қарайтын болған.

4. «Біреудің ала жібін аттама».

Қыз бала үшін өтірік айту, ұрлық істеу және қатыгездік, қулық-сұмдық деген жат қасиет екенін айтып, өтірік өрге бастырмайды, ешкімге қиянат жасама деп адалдыққа тәрбиелеп отырған. Тәрбиенің бұл түрінің әсері сол қыз баланың өмір жолын дұрыс таңдауына зор ықпалы болған.

5. «Шеше көрген тон пішер»

Халқымыз қыз бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Қыз балаға 5 - 6 жасынан-ақ апа-жеңгелері, шешесі мен жеңгесі үй шаруасын жүргізуді (үй сыпыру, төсек жина, ыдыс-аяқ жуу, ас пісіру, мал сауу), ою ойып, өрнек, кесте тоқуды үйрете бастаған.

Қыз бала тәрбиесінде шешенін орнын ерекше бағалаған.

Қыз баланың әр іске талабы да алғырлығынан, өнер-білімге бейім туратын сергектігінен шыққан сөздер.

6. «Қыз жат жұртқа жаратылған»

Қыздарды тұрмыстық мүліктерді дарлауға: жүн түту, жіп иіру, шекпен тоқу, кесте тігу, құрақ құрау, оюлап киіз басу, кілем тоқу, арқан есу, көрпе көктеу, т.б. өнерлерін қыз балалар бөгде босағаға бармай тұрып-ақ үйреткен. Осындай еңбекке баулу нәтижесінде жанұя алдындағы жауапкершілік сезімдеріне бойларын үйретіп, психологиялық жағынан отау тігуге даярлай бастаған.

7. «Қызым - үйде, қылығы - түзде»

Халқымыздың тәрбиесінде қыздардың ерсі қылықтары мен әрекеттеріне үлкендер тыйым жасап отырған, сыпайылыққа, жарасымды мінез-құлыққа тәрбиелеген. Дәрекілікке, менменшілдікке, адепсіздікке барудан сақтап отырған.

Әділқазылардан арулардың бағасын күтеміз

3-кезең 2-жүргізуші:

Өнерін болса қолында

Өнерлінің ырысы

Жарқырап жатыр жолында.

Сайыста ән салайық, би билейік,

Өнермен өрге басып кідірмейік.

«Өнер» Бұл кезеңде арулардың өнері тамашаланады (Ән айту, би билеу,)

Әділ - қазылардан арулардың бағасын күтеміз

4-кезең. 1-жүргізуші:

Сұлу қыздар, ару қыздар,

Шашты кеспей күтіп оны қараңдар.

Қыздың керкі шаш екенін түсініп,

Өріп қойып шаш үлгісін жасандар, - деп аруларымыз шаш үлгісін көрсетеді. Олай болса «Сұлулық сыры» кезеңінде аруларымыз музыка ырғағымен шаш үлгісін көрсету бойынша сынға түседі.

Әділқазылардан арулардың бағасын күтеміз.

(Қазақ биі)

5-кезең. 2-жүргізуші: «Зерделінің ойы озық» - деп, аталады. Әр ару қызға сұрақ қойылады. (Лездік сұрақтарға жауап беру)

1-ші арудың сұрақтары.

1. Қозы Көрпештің серігі? (Баян Сұлу)

2. Ананың анасы сізге кім болады? (Нағашы әже)

3. Еттен жасалатын тағам? (Бесбармақ).

4. Абай Құнанбаевтың анасы? (Ұлжан)

5. Білім, оқу, жазуды үйретуші адам? (Ұстаз).

6. Қошақанның анасы? (қой).

7. Қыз бала туралы бір мақал айтыңыз.

4-ші арудың сұрақтары.

1. Мойынға тағатын әшекей бұйым (алқа)

2. Апа сіндінің балалары (бөле)

3. Қазақ әйелдерінің сәндік әшекей бұйымдары? (сырға, білезік, жүзік, сақина, шолпы, алқа, қапсырма, шашбау, бойтұмар, түйреуіш, белбеу).

4. Ою өрнектің бір түрін ата? (қошқар мүйіз,

2-ші арудың сұрақтары.

Арқар, сыңар, өркеш, төртқұлақ түйетабан,

1. Төлегеннің серігі? (Жібек) қос алқа, сыңар).

2. Ананың сіңлісі сізге кім болады? (Нағашы)

5. Аққуда не жоқ? (сүт) апа)

6. Ешкінін төлі ? (лақ).

3. Сүттен жасалатын тағам? (Көже, айран,

7. Қыз туралы бір мақал айтыңыз.

(ірімшік, қаймақ, май).

40 йгілі куйші - анамыз? (Дина Нүрпейісова).

5. Наукас адамдарға көмек беруші, емдеуші адам? (Дәрігер).

6. Тай, құлынның анасы? (Бие).

7. Ана туралы бір мақал айтыңыз.

3-ші арудың сұрақтары.

1. Еңліктің серігі? (Кебек)

2. Ананың кызы сізге кім болады? (әпке)

3. Камырдан жасалатын тағам? (Бауырсақ, нан).

4. Абай Құнанбаевтың әжесі? (Зере).

5. Ас пісіруші маман адам? (Аспаз).

6. Ботаның анасы? (түйе).

7. Бала туралы бір мақал айтыңыз,

5-ші арудың сурақтары.

1. Сүттен жасалатын тағамдар (қымыз, шұбат, айран, қаймақ, май, сүзбе, көже, қойыртпақ, шалап, боза, іркіт, ірімшік, құрт, жент, малта)

2. Киелі құс (аққу)

3. Қазақтың діни мейрамы ( құрбан айт, ораза айт)

5 Көздің суы (жас)

6. Ақ сүт берген аналардың анасы (әже)

7. Тар қонышты, өкшесіз жеңіл аяқ киім (мәсі)

5-кезең бойынша аруларымыздың ұпайларын сұраймыз.

1-жүргізуші: «Қыз емес қыздың аты қызыл алтын,

Көрінер толған айдай жүзі жарқын,

Үлкеннің алдын орап сөз сөйлемес,

Халқ ынын сақтай білген ізгі салты

Қыздарымыз ата-бабаларымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын өшірмей жалғастыратын өнерлі де ибалы боп өссе дейміз. Осымен байқауымыз өз мәресіне жетті. Ару қыздарымызға рахмет айтамыз. Мерекелеріңіз құтты болсын!

**Нуркаскаева Гульзада Катубаевна**  
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Алматы қаласы Білім басқармасының  
"№77 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі



## **МӘТІН ТАЛДАУҒА ҮЙРЕТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ЖӘНЕ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада оқушыны мәтін талдауға үйрету арқылы оқушылардың сөйлеу дағдыларын және ойлау қабілетін арттыру туралы қарастырылған. Бұл сөздік қорымыздағы барлық сөздерді өмірдің қай саласы болмасын қолдана алу мүмкіндігін жүктейтін, терең ойлап, ақылға салып, айтылған сөзді тез қабылдап, оның мағынасын дұрыс түсінуге ықпал ететін қосымша білім өзегі болып табылады.

**Кілт сөздер:** мәтін, ойлау, қабілет, құндылық, сөйлеу, т.б.

Мәтін талдауға үйрету арқылы оқушылардың сөйлеу дағдыларын және ойлау қабілетін арттыру – оқушыларды мәтінді түсіну, талдау және өз ойын жүйелі түрде жеткізуге үйрету. Мақалада коммуникативтік әрекеттер мен дағдыларды дамытуға бағытталған оқу мақсаттары қамтылған, стильдің барлық түрлері қарастырылып, әртүрлі стильдегі мәтіндерге талдау жүргізіледі. Стильдермен жұмыс барысында оқушыларға дайын ақпарат берілмейді, керісінше олар тілдік құралдар арқылы стиль ерекшеліктерін өздері анықтайды. Ол үшін ең алдымен мәтіннің мазмұнын, мақсатын, аудиториясын және формасын айқындап алу қажет.

Мәтінге стильдік талдау жасау барысында зерделік оқылым дағдылары ерекше мәнге ие. Зерделік оқылым кезінде оқушы мәтіннің мазмұнын толық меңгеріп, оның құрылымын, идеялық бағытын жан-жақты зерттейді. Мәтінмен жұмысқа кіріспес бұрын оқылым алды тапсырмалары орындалады. Бұл тапсырмалар арқылы ақпарат беру, қызықтыру, сендіру, талқыға салу, суреттеу, ақыл-кеңес беру, нұсқау беру, сын-пікір білдіру, баға беру, хабарлау сияқты мәтін түрлері қарастырылады.

Мақалада оқу мақсаттарына сәйкес ұйымдастырылған тапсырмалар оқушылардың мәтіндегі негізгі ақпаратты қабылдап, түсінуіне, мәселені сын тұрғысынан бағалауына, өз пікірін еркін жеткізіп, алған білімін өмірлік жағдайларда қолдана алуына оқушылардың тілдік және танымдық қабілеттерін дамытуға, олардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Мәтін – жазудың шығуымен байланысты қалыптасып жетілген және әрі қарай дамып отыратын тілдік құрылым. Мәтіннің маңызды белгілерінің бірі – оның аяқталғандығы. Мәтіннің негізгі категорияларына хабарлау, қосымша хабар біртұтастығы, уақыт бірлігі, модальдық т.б. жатады [1, 270]. Мәтіннің ырғақты-интонациялық құрылымын анықтаудан бұрын мәтіндерді сипатына қарай жіктеу мәселесіне тоқталамыз. 1974 жылы мәтін лингвистикасы жөніндегі конференцияда сөйлеген сөзінде И.Р. Гальперин: «Мәтінді жіктеу үшін оның негізгі бірліктерін анықтау керектігін» айтқан болатын.

Мәтінді жіктеудегі біршама кең таралған жіктемесі - ауызша, жазбаша, монолог, диалог мәтіндері деп бөлу. Ауызша және жазбаша мәтіндерде ұқсастықтар, айырмашылықтар да жоқ

емес. Ауызша мәтін де, жазбаша мәтін де оқылған мәтінді қабылдаудағы қарым-қатынас арқылы іске асады. Ауызша мәтін дыбысталған кездегі артикуляция, акустикалық формасымен ерекшеленеді. Бірақ жазба мәтінде ауызша мәтіннің акустикалық негізі жасалады. Л.Р.Зиндердің айтуынша, просодикалық тәсілдер, біріншіден, мәтін бірліктерінің тұтастығын қамтамасыз етеді, екіншіден, сәйкес бірліктердің элементтерін бір-бірімен байланыстырады. Просодикалық тәсілдер басқа вербалды және вербалды емес тәсілдерге қарағанда мәтін тұтастығын құруда міндетті элемент болып табылады. Л.П.Блохина да мәтін элементтерінің бір-бірімен байланысында просодикалық тәсілдердің маңызды рөлді атқаратындығын ерекше атап көрсеткен [2, 3].

Сондықтан да радио, теледидар тәрізді құралдардың көмегімен келіп түсетін ақпарат тасқынында сөйлеу тілі стиліне, дыбысталған мәтінге, жазба мәтіндерді дыбыстау мәселесіне баса назар аударылып отыр. Дыбыстау әдісі, дайындық дәрежесіне қарай мәтінді жіктеуді білу мәтіннің ырғақты – интонациялық сипатын беруде үлкен рөл атқарады. Мәтіндер ауызша және жазбаша түрде жарыққа шығады, бұған қоса дайындықсыз немесе машықсыз сөйлеу, дайындықпен немесе машықтысөйлеу ұғымдары бар.

Дыбысталатын мәтін – оқылған немесе дауыстап айтылған кез келген дыбысталмайтын мәтінге қарама-қарсы (жазылған, баспадан шыққан, жазба түрде ұсынылған) мәтін.

Ауызша мәтін – жазбаша мәтінге қарама-қарсы, сөйлеудің жазбаша түріне жататын сөйлеудің ауызша түріндегі мәтін. Жазбаша мәтін дыбысталады, бірақ өзінің мәтіндік қасиетін сақтайды, сондықтан «дыбысталған мәтін» термині ауызша да, жазбаша да мәтінге тән.

Сөйлеу мәтіні – ерекше қызметтік қалыпқа сөйлеу тіліне қатысы бар, сондықтан ол кітаби қызметтік сөйлеу үлгісіне жатпайтын мәтін болып саналады. Дайындықсыз сөйлеу мәтіні сөйлеп тұрған кезде туындаса, дайындықпен сөйлеу мәтіні бұған керісінше келеді. Дыбысталған мәтінді жіктеудің күрделілігі мынада: дайындықпен, дайындықсыз келуімен қатар, мәтіндер сөйлеудің ауызша және жазбаша түріне жататындығы бойынша қарама-қарсы қойылады, сонымен қатар түрлі функцияны атқаруымен де байланысты болып келеді.

Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша стильдің барлық түрі қамтылып, әртүрлі стильдегі мәтіндерге талдау жүргізіледі. Стильдермен жұмыс жасау барысында оқушыларға дайын ақпарат немесе тапсырма бермей, стильдерді тілдік құралдар арқылы танытқан дұрыс. Алдымен мәтіннің мазмұнын, мақсатын, аудиториясын, формасын анықтап алған тиімді. Мақсат автордың ойлаған ойымен тығыз байланысты екенін оқушылар түсіну керек. Мәтінді оқушы түсінбей жатып, мәтіннің аудиториясын, автор мақсатын анықтамай және мәтіннің формасын көрсетпей бірден стильдік талдау жүргізе алмайды.

Мәтінге стильдік талдау жасау зерделік оқылым дағдылырын орындауды қажет етеді. Зерделік оқылым бойынша оқушы берілген материалдардың мазмұнын толық біліп, мәтінге анализ жасайды, материалды жан-жақты зерттейді. Мәтінмен жұмыс жасамас бұрын оқылым алды тапсырмалары жүргізіледі.

Автордың мақсаты: ақпарат беру, қызықтыру, сендіру, талқыға салу, суреттеу, ақыл-кеңес беру, нұсқау беру, сын-пікірін білдіру, баға беру, хабарлау. Аудитория – [лат. audio - естимін] – тікелей мағынасында «тыңдаушы топ», яғни, сөзді тыңдаушы, қабылдаушы топ. Аудитория қазіргі ұғымы бұқаралық ақпарат құралдары мен саяси коммуникация аудиториясы ретінде түсіндіріледі. Формасы: мақаладан үзінді, ғаламтор беттеріндегі мақаладан, сұхбаттан үзінді, әдеби шығармадан алынған үзінді, ғылыми жұмыстан алынған үзінді. Оқушылар жоғарыдағы кезеңдерді талдаған соң, стильдік талдауға көшеді. Мәтінге стильдік талдау немесе мәтін стилін анықтау үшін мәтіндегі сөздер мен сөз тіркестерімен жұмыс жасау қажет, мәтіндегі тілдік құралдар арқылы мәтін стилін анықтайды.

Мәтін тіліне талдау жасату үшін мәтіннің негізгі ойын анықтайтын тірек сөздерді табу.

Автордың сөз қолданысына талдау жасау.

Тілдік құралдар арқылы мәтін стилін анықтайды.

Мәтіннің стиліне талдау жасап болған соң, мәтін түріне талдау жасайды. Мәтін түрін көрсетіңіз, дәлелденіңіз.

**Әңгімелеу мәтіні** оқиғаны ретімен баяндайды. Ол сөйлемдер іс-қимылды білдіреді.  
Сұрағы: не істеді?

**Сипаттау мәтіні** зат немесе құбылысты суреттеп, сипаттайды. Ол сөйлемдер заттың сынынбілдіреді. Сұрағы: Қандай?

**Пайымдау мәтіні** оқиға, құбылыстардың себебін дәлелдейді. Сөйлемдер себебін ашыпкөрсетеді. Сұрағы: Неліктен?

Мәтін толық құрылды ма?

Кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдегі автор көзқарасын анықтаңыз. Мәтін талдауға төмендегідей үлгі ұсынуға болады.

Автордың мақсаты	
Аудиториясы	
Формасы	
Тірек сөздер мен сөз тіркестері	
Тілдік құралдар	
Мәтін стилі	
Мәтін түрі	
Мәтін құрылымы	

Оқу мақсатына сәйкес орындалған тасырмалар оқушының мәтіндегі негізгі ақпаратты қабылдап, түсініп, мәселені сын тұрғысынан бағалап, өз көзқарасын, пікірін айтып, алған білімін қолдана алу деңгейіне жеткізеді.

Қорыта айтқанда, оқушының сөйлеу дағдысы бір күнде қалыптасатын дағды емес. Бұл – педагогтің қажырлы еңбегі мен білім алушының уәжіне байланысты іске асатын жұмыс. Педагог оқу үрдісінде қай пән болмасын тұрақты түрде мәтінмен жұмыс жасайды. Мәтіннің тақырыбы мәтінде айтылатын негізгі нәрсені қамтиды. Мәтіннің ұсынылу мақсатына, көтерген мәселесіне, жанрына қарап не туралы ой қозғалатынын айтуға болады. Мәтінмен жұмыс жасаудағы негізгі мақсаттардың бірі – білім алушыны сөйлеуге, яғни оның айтар ойын нақты жеткізе білуге үйрету. Оқушының өз ойын нақты, толық жеткізу үшін сөйлеу дағдысын қалыптастыру бастауыш сыныптан басталады. Ал оны дұрыс қалыптастыратын – педагог.

Оқу үрдісінде басқалармен қарым-қатынас жасау барысында ойды сыртқа шығару үрдісі, айтар ойын екінші біреуге ауызша ұғынықты түрде жеткізе білуі, қойылған сауалға жауап қайтаруы, пікірін білдіруі, айтуы. Мәтінмен жұмыс бірнеше жұмысты қатар атқаруды талап етеді. Оның тиімділігі қандай? Алдымен не үшін оқу қажеттігін анықтау керек. Өйткені мәтінді оқу әр түрлі мақсатта жүргізіледі, нәтижесі де әр алуан. Соған сай мәтін мағынасын ұғындыруға байланысты жұмыстар ұйымдастырылады. Ұйымдастырылатын жұмыстардың барлығы дерлік сөйлеу әрекеттерімен байланысты.

Оқушының мәтін мағынасын түсінуі түрлі деңгейде болады. Бірі – айтып бере алатын болса, екіншісі – жалпы түсініп, негізгісін айтып бере алады. Үшіншісі – егжей-тегжейлі толық түсініп, терең ұғынғанын көрсете алады. Бұлардың барлығы да сөйлеу әрекеті арқылы өтеді. Білім алушы сол арқылы өмірге қажетті дағдыны игереді. Мәтінді терең түсінген білім алушы оған логикалық талдау жасай алады. Оның барлығы сөйлеу түрлерімен жеткізіледі. Жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес қазақ тілі бағдарламасына шолу жасаған кезде мына жағдайды аңғаруға болады.

Қарым-қатынас жасаудың түрлерін мақсатты түрде қолдануға, ойын жинақтауға, ауызша немесе жазбаша мәтіндерге сүйене отырып, өзіндік пайымдау жасауға үйрету [3, 4].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдікәрімова Т.М. Мәтін және ана тілі мәтіндемесін құрудың теориясы (Монография) Павлодар «ЭКО» ҒӨФ, 2017-332 б
2. Әбдірасылова Л.Ә. Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді оқыту. Астана, 2013
3. Әбілқасымова А.Е. Қазіргі заманғы сабақ. Алматы: 2014. 218 б.

**Құдабаева Алмагүл Ергешқызы**

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, педагог-модератор  
Алматы қаласы Білім басқармасының  
"№77 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ӨЗГЕ ТІЛДІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ  
ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ****Андатпа**

Бұл мақалада қазақ тілі сабағында өзге тілді оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мәселесі қарастырылған. Мақаланың негізгі мақсаты – оқушылардың тілдік білімін өмірлік жағдаяттарда қолдана білу қабілетін қалыптастыру жолдарын көрсету. Зерттеу барысында функционалдық сауаттылық ұғымының мәні ашылып, оны дамытудағы тиімді әдіс-тәсілдер талданады. Атап айтқанда, коммуникативтік бағытты күшейту, мәтінмен жұмыс жүргізу, жобалық және зерттеу әдістерін қолдану, интерактивті оқыту түрлерін пайдалану, сондай-ақ мәдениетаралық құзыреттілікті арттырудың маңызы атап өтіледі. Мақалада ұсынылған ойлар қазақ тілін екінші тіл ретінде үйретуде оқушылардың танымдық белсенділігі мен тілдік дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

**Кілт сөздер:** қазақ тілі, өзге тілді оқушылар, функционалдық сауаттылық, коммуникативтік құзыреттілік, мәтінмен жұмыс, интерактивті әдістер.

Бүгінгі күні қазақ тілінің өзінің мемлекеттік биік мәртебесіне лайық деңгейде қызмет атқару қажеттілігі – заман талабынан туып отыр. Мемлекетіміздің кез келген оқу орнында қазақ тілі ана тілі және мемлекеттік тіл ретінде оқытылады.

Мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Қазақстан Республикасында өмір сүріп жатқан әрбір өскелең ұрпақтың ертеңгі күні үлкен өмірге араласқанда оның қоғамдағы қызметіне көмегін тигізетін, жұмысында, күнделікті өмірінде қажетіне жарайтындай білім бере алатын аса білікті пәндердің бірі. Осы үлкен міндетті жүзеге асыру оқу орындарының, білім алып жатқан болашақ азаматтарымыздың қызметіне тікелей байланысты және мемлекеттік тілдің қолданылу аясына, қабылданған заңдардың сөз жүзінде емес, іс жүзінде орындалуына байланысты. Өзге ұлт аудиторияларында қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың пікір айту, ауызша, жазбаша сауатты сөйлеу, қоғамның өзге өкілдерімен дұрыс қарым-қатынас жасау, яғни, әрбір адамға керекті коммуникативті дағдыларды қалыптастыру мәселелерін шешуге міндеттіміз. Тілді мазмұнсыз, мағынасыз меңгеру мүмкін емес. Тіл арқылы қазақ халқының тарихы, әдебиеті, мәдениеті, ұлттық салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, болмысы танылады.

Ата-бабамыздың ұрпағына мұра еткен бар асылының қаншама ғасырлар бойы өшпей, жалғасып келе жатқаны – тіл құдіреті мен танымының, сөздік қоры мен тіл байлығының тереңдігінің көрінісі. Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде іске асыру – заман талабы.

Мемлекеттік тілді еркін білу – әркімнің азаматтық борышы, қоғамда атқаратын қызметінің тірегі. Ал тілді меңгерту, дұрыс үйрену мектеп қабырғасынан бастап қалыптасады. Халел Досмұхамедұлы айтқандай, «мектептің тілі бола алмаған тіл мемлекеттің де тілі бола алмайды». Сондықтан қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаты – оның барлық салаларының жүйесін, заңдылықтарын оқушыларға үйрету арқылы, әдеби тілді дұрыс қолданып, талғап сөйлеуге, айналасындағы адамдармен еркін, әдепті, дұрыс, сауатты тілдесімге баулу. Өйткені кез келген тілді оқытудың түпкі нәтижесі сол тілде сөйлеуге үйрету болып саналады. Дұрыс тілдесу үшін тілдің заңдылықтарын білу қажет. «Сөз бөлшектерінің жасалуы үйдің салынуы сияқты... қиыннан тауып қаламасаң, байлауын тауып ұстамасаң, сөз бөлшектері де сөгіліп кетеді». Сондықтан қазақ тілі сабағында қолданылатын тілдесімге үйрететін жаттығулар мен тапсырмалардың тиімді жолдарын анықтап, әдістемелік жүйесін талдаудың маңызы зор.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушыларды алған білімін өмірде қолдана білетін, сын тұрғысынан ойлай алатын, коммуникативтік дағдылары қалыптасқан тұлға ретінде тәрбиелеу. Осы тұрғыдан алғанда, функционалдық сауаттылықты дамыту мәселесі өзекті болып отыр. Әсіресе қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгеретін өзге тілді оқушылар үшін бұл бағыт ерекше маңызға ие.

Функционалдық сауаттылықтың мәні – оқушының алған білімін практикалық өмірде, түрлі қарым-қатынас жағдайларында тиімді қолдана білу қабілеті. Қазақ тілін оқытуда бұл ұғым оқушының тілдік нормаларды меңгеріп қана қоймай, сол білімін сөйлеу, жазу, тыңдау және оқу барысында еркін пайдалануымен тікелей байланысты.

Қазақ тілі сабағында функционалдық сауаттылықты арттырудың негізгі бағыттары:

1. Коммуникативтік бағытты күшейту. Сабақ барысында оқушылардың өзара диалогқа түсуі, пікір алмасуы, жағдаяттық сөйлесімдер құрастыруы маңызды. Бұл әдіс тілдік ортаны қалыптастырып, оқушылардың сөйлеу дағдысын жетілдіреді.

2. Мәтінмен жұмыс жүргізу. Мәтінді түсініп оқу, талдау, мазмұндау, негізгі ойды анықтау және өз көзқарасын білдіру тапсырмалары оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытады.

3. Жобалық және зерттеу жұмыстары. Оқушыларды шағын зерттеу, презентация немесе жоба дайындауға қатыстыру олардың дербестігін арттырып, тілдік ресурстарды мақсатты қолдануға үйретеді.

4. Интерактивті әдістерді пайдалану. Рөлдік ойындар, пікірталастар, онлайн жаттығулар мен цифрлық құралдарды қолдану оқушылардың қызығушылығын арттырады әрі тілдік әрекетті жандандырады.

5. Мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту. Қазақ халқының мәдениеті, дәстүрі мен ұлттық құндылықтарын тану арқылы оқушылар тілге құрметпен қарайды және оны қолданудың маңыздылығын сезінеді.

Мемлекеттік тілді оқытумен байланысты тіл дамыту жұмысын ұйымдастырудың негізгі мақсаты – оқушының ауызша және жазбаша ойын грамматикалық және стилистикалық жағынан дұрыс бере білуге үйрету. Тіл дамыту, негізінен, төмендегідей төрт бағытта жүргізіледі:

– мәдени, әдеби сөйлеу білудің мөлшеріне үйрету, яғни орфографиялық жағдыны меңгерте отырып, оқушыға мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру.

– лексикалық жұмыстар жүргізу арқылы оқушының сөздік қорын байыту. Демек, тілдің лексика және фразеология бөлімдерінен кеңірек білім көзделеді.

– жаңа сөздер үйрету, сөздерді үйрете отырып, жаңа сөздер жасайтын формаларды меңгерту арқылы сөз бен сөздердің байланысын, сөйлем құрап үйрету. Сөйлемнің құрылысын білдіру арқылы синтаксистік лексикадан мәлімет беру.

- оқушының ойын жазбаша дұрыс, сауатты жаза, әрі сөйлей білуге үйрету мақсат етіледі.

Міне, тіл дамыту жұмысының негізгі мазмұны осындай төрт мәселе айналасында қарастырылып іске асырылады. Дидактикалық қағидалар әр пәнді оқыту методикасының, соның ішінде қазақ тілін оқыту методикасының теориялық негізі болып саналады.

Қазақ тілін оқыту мен тіл дамыту жұмысы мынадай дидактикалық негіздерде жүргізіледі: сөйлеу мен ойлаудың бірлігі қағидасы арқылы оқушы тіл мен ойлау бір-бірімен байланыста екендігін ұғады. Тілсіз ойлаудың болмайтындығы әрбір ой тіл арқылы ғана көрінетіндігін яғни, сөйлеуді ойлаудан бөліп алудың мүмкін еместігін түсінеді. Бұл қағида арқылы оқушының ойлау әрекетін дамыта отырып, үрлі ой қортындыларын жасай білу дағдылары қалыптастырылады. Яғни, бір нәрсені екінші затпен салыстыру, талдау, жинақтау, қортындылау, жүйелеу, белгілі затты белгісізбен салыстыру тағы да басқа түрлі ойлау әрекеттерін үйренудің нәтижесінде ой арқылы білім жүйелерін меңгереді. Ұстаз бұл қағидаларды негізге ала отырып, қазақ тілінің бағдарламалық материалдарын мұқият қарастырып, әр тақырыпты оқытумен байланысты түрлі тапсырмалар беріп, оны оқушы қалай орындады, одан қандай қорытынды шығарды, ол тапсырманы, жаттығуды орындауда неге сүйенді, қандай ойлау әрекеттерін жасады деген мәселелерге көңіл бөледі. Сондай-ақ, қағиданы іске асыруда екінші басты мәселе – оқушылардың орфографиялық ережелерді саналы меңгеруін қалыптастырып, дұрыс сөйлеу білуге, сауатты, қатесіз жазуға дағды беру.

Сөз тіркесі, сөйлем құрауға үйрету жұмысы оқушы ойын байланыстырып айта білумен бірге жаза білуге дағды береді. Мұғалім сөз тіркесі және сөйлемді дұрыс құрату арқылы оқушыны тілдік фактілерді орынды қолдана білуге, синонимдік қатарларды, сөзді таңдап қолдана білуге үйретеді. Оқушыларға төмендегідей жұмыстарды орындату тиімді: сөз тіркестері арқылы сөйлемдер құрату, жай сөйлемдерді жалпылама сөйлемге айналдыру, аяқталмаған сөйлемді аяқтау, диалогты сөйлем құрату, әңгімені аяқтау, таныс тақырыптар бойынша бір-бірінің жұмысын редакциялату, түрлі тақырыптарға байланысты мәтіндер құрату, сөздік жұмыстарын жүргізу. Осындай бағытта жүргізілген жүйелі жұмыстар арқылы оқушы сөйлем құрауға дағдыланады. Өзге ұлт аудиторияларында мемлекеттік тілді оқыту барысында тіл дамыту жұмыстарының орны ерекше.


Нәтижесінде, өзге тілді оқушылар қазақ тілін тек грамматикалық ережелер жиынтығы ретінде емес, күнделікті өмірде қажетті қарым-қатынас құралы ретінде қабылдайды. Олар ақпаратты түсініп, талдай алады, өз ойын дәлелді жеткізе біледі, түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды орынды қолдануға машықтанады.

Қорытындылай келе, қазақ тілі сабағында функционалдық сауаттылықты арттыру – тіл үйретудің басты бағыты. Ол оқушыны өмірде табысты болуға, қоғамда белсенді қатысушы тұлға ретінде қалыптасуға дайындайды. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен шығармашылық ізденісі осы үдерістің табысты жүзеге асуына негіз болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Алдамбергенова Г.Т. Кәсіптік мектептердің орыс бөлімі оқушыларының қазақша сөйлеу тілін құрылысшы мамандығына сәйкес мәтіндер арқылы дамыту: Пед.ғыл.канд. ... дисс. – Алматы, 2002.
2. Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері: өзгетілді дәрісханалардағы қазақ тілі: Пед. ғыл. док. ... дисс. – Алматы, 2011.
3. Шаханова Р.Ә. Техникалық жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми -әдістемелік негіздері: Пед.ғыл.док. ... дисс. – Алматы, 2012.

**Алқанова Әйгерім Дәуренқызы**  
Бастауыш сынып мұғалімі  
"Құйған орта мектебі" КММ  
ШҚО, Күршім ауданы, Құйған ауылы



## **БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА КАЛЛИГРАФИЯЛЫҚ ЖАЗУДЫ МЕНГЕРТУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ**

### **Аңдатпа**

Бұл жұмыста бастауыш сынып оқушыларының каллиграфиялық және графикалық жазу дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық, психологиялық және физиологиялық негіздері қарастырылады. Жазуды дұрыс меңгеру сауаттылықтың басты көрсеткіші ретінде сипатталып, оның бала дамуына әсері жан-жақты ашылады. Жазу үдерісінің күрделілігі, оқушыларда кездесетін қиындықтардың себептері, каллиграфиялық дағдыны қалыптастырудың негізгі принциптері мен әдістері талданады. Сонымен қатар көркем жазуға үйретудің отандық ағартушылар еңбектеріндегі орны мен бастауыш мектептегі маңыздылығы айқындалады. Зерттеу нәтижесінде каллиграфиялық дағдыны қалыптастыру оқушының эстетикалық мәдениетін, ұқыптылығын және сауатты жазу қабілетін дамытуда шешуші рөл атқаратыны негізделеді.

**Түйінді сөздер:** каллиграфия, көркем жазу, графикалық дағды, сауаттылық, бастауыш сынып, жазуға үйрету, әдістеме, психофизиологиялық даму, орфография, оқу процесі, мұғалім әдістері.

Жазуды үйрену - сауаттылыққа үйрету әдістемесінің жазуды бастапқы меңгерумен байланысты өте маңызды бөлімі. Оқушылардың каллиграфиялық және графикалық дағдыларын қалыптастыру өзара байланысты, сондықтан каллиграфиялық дағдылар жазудың графикалық дағдысының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Бала анық әрі жеткілікті түрде тез жазуды ғана емес, сауатты жазуды үйренуі керек. Бүгінгі таңда жазуды меңгеруде қиындықтары бар балалардың саны өте көп. Бұл қиындықтардың себептері педагогикалық, медициналық және физиологиялық мәселелер болуы мүмкін. Мұғалім көбінесе жазуда қиындықтардың қашан және қалай басталатынын көрмейді, тек себебін ғана емес, нәтижесін түзетуге тырысады. Жазуға үйретудегі қиындықтардың себептерін түсіну және оқушыға қалай көмектесу керектігін түсіну үшін жазу процесі не екенін, қалыптасуының әртүрлі кезеңдеріндегі жазудың қалыптасқан жазудан қалай ерекшеленетінін, баланың дамуына, оның жас ерекшеліктеріне, жазу дағдысының қалыптасу процесіне, денсаулық жағдайы мен оқыту әдістеріне әсерін анықтау қажет.

Жалпы сөйлеу жүйесі, сондай-ақ жазбаша сөйлеу - көп қырлы құбылыс. Оның маңызды құрамдас бөлігі – графикалық белгілердің көмегімен адамның сөйлеуі мен ойын мазмұнын білдіру қабілеті ретінде жазу. Жазбаша сөйлеуге, графикалық шеберлікке, демек, каллиграфиялық қолжазбаға ие болу адамның сауаттылығының көрсеткіші болып табылады.

Жазу процесінің өзі физиологиялық және психологиялық тұрғыдан өте күрделі: жазу кезінде ми қыртысы, көру, есту органдары, дененің көптеген бұлшықеттері үйлесімді әрекетке қатысады. Бұл процесс мектеп табалдырығын аттағалы жатқан 6-7 жастағы балалар үшін өте қиын, өйткені бұл кезде балаларда ұқыпты үйлестірілген қозғалыстарды орындау дағдысы, яғни графикалық дағды, дұрыс жазу дағдысы қалыптасады. Графикалық шеберлік – жазбаша мәтінді оқудың жеңілдігі мен дұрыстығын қамтамасыз ететін, сонымен қатар жазудың ыңғайлылығы мен орынды жылдамдығына ықпал ететін, эстетикалық талаптарға сай келетін графикалық элементтерді жүзеге асырудың қоғамда қалыптасқан нормаларын сақтау. Каллиграфия – әдемі жазу өнері, яғни дұрыс (анық) және тұрақты қолжазбамен жаза білу. Сол себепті мақаланың мақсаты бастауыш сынып оқушыларының каллиграфиялық дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыс жүйесін жетілдіру мәселесіне арналған.

«Дұрыс жазу» және «заманауи жазу» ұғымдары туралы айтқанда, «жазу» ұғымы бірінің үстіне бірі салынғандай үш құрамдас бөліктен: алфавит, графика және орфографиядан құралатынын түсіну керек. Орфографиялық әдістемені әліпбилік жұмыстан, графиканы оқытудан, мектеп оқушыларының графикалық дағдылары мен қабілеттерін қалыптастырудан бөліп қарауға болмайды. Каллиграфиялық дағдыны қалыптастыру да маңызды, өйткені адамның жазуы оның емле дағдыларын меңгеруін жанама түрде бағалай алады. Орфографиялық және каллиграфиялық дағдыларды қалыптастыру адамның сауатты жазуын айғақтайды, бұл жазбаша қарым-қатынаста ойын жеткізудің дәлдігін, адамдардың бір-бірін түсінуін қамтамасыз етеді. Дұрыс жазуды, оның ішінде графикалық дағдыны қалыптастыру мәселесін зерттегенде, графикалық дағды сөйлеу дыбыстарын сәйкес әріптерге ажырату және қайта кодтаудың, оларды қағазға түсірудің және бір мезгілде түсінудің автоматтандырылған тәсілі екенін түсіну керек.

Оқушыны мәнерлі жазуға баулуда оқытудың бастауыш буынының алатын орны ерекше. Соның ішінде оқушылардың жазуына каллиграфиясына тоқталатын болсақ, ол тек мектеп қабырғасында, ал бастауыш сыныптарда сауаттылықтың алғы шарттары әріптерді үйретуден басталады. Әріп элементтерін дұрыс, әрі таза жазу ережелерін сақтағанда ғана оқушыда мәнерлі жазу дағдысы қалыптасады. Сондықтан жазу сабағы 1-сыныптан бастап осы талапқа сай өтуі тиіс. Бастауыш сыныпта сауаттылықты және мәнерлеп жазу машығын жете меңгерген оқушы жоғарғы сыныптарда да сол бағытпен келеді. Сондықтан өзім оқушының сауатты жазуына ерекше көңіл бөліп, жазуға үйретуде 3 нәрсені басшылыққа алу керек. Біріншісі- әріптерді мәнерлі жазуға және жеке әріптерді өзара құрастыра білуге үйрету, екіншісі- әріп элементтерін дұрыс жазуға дағдыландыру, үшіншісі- жазу жұмысына өте ұқыпты, мұқият болуға қалыптастыру. Оқушының әдемі жазуы, оның қаламсапты дұрыс ұстап, партада өзі дұрыс отыра білуіне байланысты.

Қазақ бастауыш мектептерде оқыту ісінің негізін қалаған ағартушы ғалымдар (Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынұлы және т.б.) әдістемелік еңбектерінде оқушылардың сауат ашу кезеңінде сөздік қоры мен сөйлеу дағдысын қалыптастыруға баса назар аударды.

Сауат ашу кезеңіндегі оқушылардың ойлау және сөйлеу қабілеттерін дамыту мәселелері Т.Шонанұлының, Ж.Аймауытовтың, М.Жұмабаевтың еңбектерінде қозғалды. Осы еңбектерді негізге ала отырып, әрбір бастауыш сынып мұғалімі көркем жазудың әдістемелік теориясын меңгеруге тиіс. Осы тақырыпты курс жұмысыма арқау етуіс де — осы талаптан туындап отыр.

Көркем жазу пәнінде әріп таңбаларын әдемі, көркем етіп салуға жаттықтыру мақсатында жүргізілетін жұмыстардың оқушы бойында жақсы қасиеттердің қалыптасуына ықпалы болуға тиіс. Мектепке алғашқы келген күнней бастап баланың жазуына жете көңіл бөлмеу көп жағдайда оның өз ісіне салғырт қарауына, жауапкершілікті сезінбеуіне әкеп соғады. Таза, әдемі жазуды талап ету оқушының әсемдік сезімін оятып, мінез-құлқын тәрбиелеп, жауапкершілікке, тыңғылыққа, ұқыптылыққа үйретеді. Бірақ бұл үрдіс баяу қалыптасады. Мұндай мақсатқа жету көптеген талаптарды орындаумен тікелей байланысты. Көркем жазу пәнінің алғашқы сабақтарында оқушылардың жеке басына және мектепке қойылатын

гигиеналық талаптар мен сынып жиһаздарының дұрыс орналасуы, тақта мен парта арасындағы қашықтықтың сақталуы, жарықтың дұрыс түсуі, партаның оқушы бойына сәйкес болуы немесе оның жазу кезіндегі ыңғайлылығы, оқушының партаға дұрыс отыра білуі, дәптер мен көру арақашықтығын сақтауы, жазу құралдарын тиімді пайдалануын ескеруі шарт.

Жазуды үйренуде мына принциптерді сақтаған жөн:

1. Көрнекілік принципі: мұғалім тақтаға, дәптерге, кестеге көрнекіліктер арқылы жазып көрсетеді.

2. Сапалылық принципі: мұғалім басына не үшін қиғашынан жазады, әріптерді қалай басқарады, әріптердің биіктігі қандай болу керек екенін түсіндіреді. Қиғашынан жазу - тез әрі ыңғайлы.

3. Қайталау принципі: жаттығу орындау кезінде пайдаланады. Жазылған нәрсеге міндетті түрде анализ беріледі, мұғалім әрдайым баланың жазған жазуын дұрыстығын тексеріп отырады.

4. Генетикалық принципі, алғашында жеңіл әріптер, содан соң салынуы қиын әріптер, мысалы а, о, ш, т, п, н; қолы жаттыққаннан кейін – қ, ж, б, в, т.б.

5. Жеке дара ерекшелігін ескеру принципі; оқушылардың көз нашарлығы, бас ауруы, жүрек ауруы, т.б ескеріп отыруы қажет. Барлық бала бірдей емес, олардың жас ерекшеліктері, ойлау қабілеттері - әртүрлі. Сондықтан да жазу каллиграфиялары да ерекшеленеді. Біреуі өте жақсы, енді біреулері өте нашар жазады. Нашар жазатын оқушылармен жеке жұмыс жасау талап етіледі.

Каллиграфиялық жазуды қалыптастырудың негізгі әдістері:

1. Мұғалім жазу үлгісін өзі тақтаға қайта-қайта жазып көрсетуі тиіс.

2. Ауада жазу. Ұстаз әріпті кеңістікте жазып көрсетеді. Бала қолдың қозғалысынан әріптің дұрыс формасын ұғады. Бұл әдіс оқу процесін жандандырады.

3. Көшірмесін түсіру әдісі. Жазылған әріптің үстінен басу.

4. Дайын үлгіден көшіру әдісі. Оқушы өз жазғанын ұстаздың жазғанымен салыстырады.

5. Әріпке анализ жасау әдісі. Мысалы: а әріпі бір дөңгелектен және бір ілмешектен тұрады.

Қорытындылай келе, бүгінгі күні білім беру әдістемесінің өзекті мәселелерінің бірі бастауыш сынып оқушыларында каллиграфиялық дұрыс жазуды қалыптастыру болып табылады. Бүгінгі күні жас балалар компьютерде, смартфондарда көбірек уақыт өткізеді және жазуға тиісті мән бермейді. Оқушыларды сауатты жазуға үйрету – бастауыш сыныптағы ең күрделі үдерістердің бірі. Оқушының денсаулық жағдайы (дене және психикалық) оқушының дұрыс және әдемі жазу дағдыларын қалай меңгергеніне байланысты болмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Жұмабекова, Ф. Ш. Бастауышта сауат ашу әдістемесі. – Алматы: Білім, 2019. – 320 б.

2. Жиенбаева, С. Әдістеме негіздері және бастауышта оқыту. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 272 б.

3. Выготский, Л. С. Мышление и речь. – Москва: Педагогика, 1999. – 352 с.

4. Леонтьев, А. Н. Деятельность. Сознание. Личность. – Москва: Смысл, 2005. – 288 с.

5. Филиппова, Т. А. Методика обучения письму в начальной школе. – Москва: Просвещение, 2018. – 176 с.

6. Полякова, А. В. Формирование графических навыков у младших школьников. – Москва: Академкнига, 2012. – 144 с.

7. Киселева, М. Каллиграфия в начальных классах: методика и практика. – Санкт-Петербург: Питер, 2020. – 192 с.

8. Мухамеджанова, С. Жазу және каллиграфия негіздері. – Алматы: Дарын, 2021. – 140 б.

**Нурғалиева Гүльнур Нуржапаровна**  
Тарих пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші  
"№19 мектеп-қосымша білім беру орталығы" КММ  
Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы



## ШОҚАН УӘЛИХАНОВ: ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДА КӨРНЕКТІ ЗЕРТТЕУШІ ЖӘНЕ САЯХАТШЫ ТҰЛҒА

**Аннотация:** мақалада Шоқан Уәлихановтың өмірі, ғылыми еңбектері, саяхаттары және қазақ қоғамына қосқан үлесі қарастырылады. Автор Шоқанның зерттеулері мен экспедициялық тәжірибесінің мектеп сабақтарында тарихи ойлау, зерттеу дағдыларын дамытуға қалай қолданылатынын талдайды. Мақалада Шоқанның педагогикалық және мәдени маңызы, сондай-ақ сабақ жоспарына енгізу мүмкіндіктері ұсынылады.

**Кілт сөздер:** Шоқан Уәлиханов, қазақ тарихы, этнография, педагогикалық әдістер, экспедициялық зерттеулер, мәдениет, тарихи ойлау, мектеп, оқыту әдістемесі, ғылыми мұра.

Шоқан Уәлиханов – қазақ халқының рухани-мәдени дамуына өлшеусіз үлес қосқан ғалым, ағартушы, этнограф, тарихшы, шығыс зерттеушісі, әрі қазақтың әлемдік деңгейде танылған тұңғыш ғылыми тұлғаларының бірі. Ол 1835 жылы қараша айында Аманқарағай дуанына қарасты Құсмұрын бекінісінде, қазіргі Қостанай облысы, Сарыкөл ауданының Күнтимес ауылында дүниеге келді. Әкесі – аға сұлтан Шыңғыс Уәлиханов, Абылай хан әулетінің тікелей ұрпағы, ал анасы Зейнеп – Шормановтар әулетінің тәрбиелі, сауатты қызы болған. Нәресте дүниеге келгенде оған Мұхаммед Ханафия деген ат қойылады, алайда анасының еркелетіп қойған «Шоқан» есімі оның әлемге танылған ғылыми тұлғасына айналды. Ғалымның балалық шағы көркем табиғатымен, мәдени дәстүрімен ерекшеленетін Құсмұрын мен Сырымбет өңірінде өтті. Дәл осы орта болашақ зерттеушінің дүниетанымын қалыптастырып, халықтың салт-дәстүріне, мифологиясына, тарихына және этнографиясына деген қызығушылықтың негізін қалады. Шоқанның тұлға ретінде қалыптасуына оның отбасындағы білім беру дәстүрі, әкесінің орыс мәдениетімен байланысы және туған өлкедегі интеллигенттік орта үлкен әсер етті. Шыңғыс Уәлиханов қазақ ішінде бірінші болып орысша білім алған адамдардың бірі саналды, ол өз балаларын да ғылымға, білімге бағыттауды мақсат тұтты. Осылайша Шоқан ерте жастан тілдік, мәдени, тарихи білімді қатар меңгерді. Оның бойындағы зияткерлік қабілет, бақылағыштық, аналитикалық ойлау қасиеті жас кезінен байқалып, болашақта ғылыми ізденістерінің қарқынды дамуына негіз болды.

Шоқан Уәлиханов Құсмұрында алған алғашқы тәрбиесін 1847 жылы Омбыдағы кадет корпусында жалғастырды. Бұл оқу орны сол кезеңдегі ең беделді білім ордаларының бірі болды және Шоқан онда орыс, батыс және шығыс ғылымының негізгі бағыттарымен терең танысты. Жас ғалымды әсіресе шығыс мәдениеті, түркі халықтарының тарихы, география, әскери топография, әдебиет, философия пәндері қызықтырды. Кадет корпусындағы білім үрдісі оның ғылыми көзқарасының қалыптасуына шешуші рөл атқарды. Осы кезеңде Шоқан орыс зиялыларымен, белгілі ғалымдар мен жазушылармен танысты, олардың арасында Ф. Достоевскиймен жақын достық қарым-қатынас орнатты.

Шоқанның тұлғалық және рухани қалыптасуына ең терең ықпал еткен жандардың бірі – оның әжесі Айғаным болды. Ол жас Шоқанның дүниетанымына халықтың көне мифтерін, ырым-жоралғыларын, дәстүрлі әлем түсініктерін, астарлы әңгімелер мен тәрбиелік мәні зор нақылдарды жүйелі түрде сіңіріп отырды. Зерттеушілердің деректеріне сүйенсек, Шоқан Құсмұрындағы медреседе шамамен үш жылдай дәстүрлі мұсылмандық білім алып, араб жазуын меңгерген, ортағасырлық Шығыс әдебиетінің негізгі үлгілерімен танысқан. Осындай оқу-тәрбиелік мазмұндағы сабақтар жазғы айларда Сырымбетте де жалғасқан болуы ықтимал.

Балалық шағынан-ақ Шоқан ерекше зеректік пен білуге құмарлық танытқан. Ол ересектердің тарих пен мәдениетке қатысты әңгімелерін ынтамен тыңдап, дала билерінің мәжілістеріне қатысуға мүмкіндік алған, ақын-жыраулардың орындауындағы поэзиялық мұраларды тыңдауға құштар болған. Оның алғашқы шығармашылық қызығушылықтарының бірі сурет салу болды. Табиғат көріністерін қағазға түсіруге әуестік танытқан ол бұл ұмтылысын Құсмұрындағы Уәлихановтар шаңырағында жиі болып тұратын орыс топографтары мен геодезист суретшілердің сабақтары арқылы шыңдады. Алғашында тушь пен қарындашты пайдаланған жас суретші кейін акварель техникасын да меңгереді. Осылайша, оның қолынан шыққан алғашқы туындылар қазақ даласының жергілікті тұрғындар өмірін бейнелейтін бірегей көркем мұраға айналды. Сурет салу оның байқағыштығын дамытып, эстетикалық талғамын жетілдіріп, халық ауыз әдебиеті эпизодтарын көз алдына елестетіп, бейнелеп отыруға мүмкіндік берді.

Уақыт өте келе ол күнделіктеріне өз көзімен көрген барлық құбылыстарды түсіруді дағдыға айналдырады және бұл әдеті өмірінің соңына дейін жалғасады. Шоқанның ғылыми мұрасында қарындашпен әрі тушьпен сызылған этюдтері ерекше орын алады. Онда ол барған аймақтардың өсімдіктері мен жануарларын, Қырғызстан мен Шығыс Түркістан халықтарының түр-тұрпатын, олардың тұрмыс-тіршілігі мен кәсіптерін дәлдікпен бейнелеген. Оның альбомдарында этнографиялық нысандардан бастап, кейіпкерлік көріністер, түрлі жоспарлар, бағыттар мен схемалар бар. Олар бір қарағанда реттелмегендей көрінгенімен, бейнеленген детальдердің нақтылығы мен ғылыми дәлдігі жоғары деңгейде сақталған.

Шоқанның дүниетанымының жетілуіне Уәлихановтардың үйіне жиі келетін жер аударылған декабристердің ықпалы да айрықша болды. Олар жас талаптың ғылымға, әдебиетке, өнерге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, Батыс Еуропаның демократиялық идеяларына деген сенімін қалыптастыруға жағдай жасады. Осы ортада өскен Шоқан орыс және Батыс мәдениетін тереңірек меңгеріп, өзінің кейінгі ғылыми қызметінің дүниежүзілік деңгейге көтерілуіне негіз қалады.

Уәлихановтың ғылыми экспедициялары – оның еңбегінің ерекше құнды бөлігі. Ол Жетісу, Тарбағатай, Ыстықкөл өңірлері, Қырғызстан мен Шығыс Түркістан аймақтарын зерттеу арқылы Орталық Азия халықтарының мәдениеті, этнографиясы, географиясы мен тарихы жөнінде бірегей деректер қалдырды. Шоқанның қырғыз халқының «Манас» эпосын зерттеуі – әлемдік фольклортану ғылымындағы ірі жаңалықтарының бірі. Ол эпостың құрылымын, мазмұнын, тарихи негіздерін талдап, оның түркі халықтары мәдениетіндегі рөлін ғылыми тұрғыдан бағалады. Бұл еңбек кейін бүкіл Еуропа ориенталистерінің үлкен қызығушылығын тудырды.

Шоқан Уәлихановтың педагогикалық мәні де ерекше. Ол өз зерттеулерінде балалар мен жастарға ғылыми ойлау, зерттеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін әдістерді қолданған. Мектеп пен колледж сабақтарында Шоқанның өмірі мен еңбектерін қолдану оқушылардың тарихи ойлауын, логикалық және сыни тұрғыдан талдау қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді. Сонымен қатар, Шоқанның шығармашылық тәсілдері мен зерттеушілік тәжірибесі қазіргі тарих оқытушыларына сабақ жоспарларын әртараптандыруға мүмкіндік береді. Мысалы, оқушыларға нақты тарихи деректермен жұмыс жасау, экспедициялық әдістерді қолдану арқылы тарихи зерттеу жүргізу, карталар мен этнографиялық мәліметтерді талдау сабаққа қызығушылықты арттыруға ықпал етеді.

Шоқан Уәлихановтың ғылыми мұрасы тек қана тарихи деректер жинаумен шектелмейді. Ол қазақ халқының рухани мәдениетін, ұлттық ерекшеліктерін, әдет-ғұрыптарын, тілін және әдебиетін зерттеген. Бұл аспектілер әсіресе қазақ тілінде және әдебиет сабақтарында, мәдениет және тарих сабақтарында оқушылардың функционалды сауаттылығын, логикалық ойлауын және аналитикалық қабілетін дамытуда маңызды.

Шоқан Уәлиханов тек қазақ жерін ғана зерттеген жоқ, сонымен қатар Орталық Азия, Алтай таулары, Шығыс Қазақстан мен Қырғызстан аймақтарын зерттеп, сол жерлердің географиялық ерекшеліктерін, климаты мен табиғи ресурстарын сипаттаған. Оның картографиялық жұмыстары сол кездегі Ресей империясының ғылыми қоғамында жоғары бағаланды. Сонымен қатар, Шоқан этнографиялық зерттеулерге де ерекше көңіл бөлген, ол қазақ халқының салт-дәстүрін, тұрмысын, киім-кешегін, тағамдарын, ойындарын, мерекелерін егжей-тегжейлі сипаттаған. Ол өз еңбектерінде әлеуметтік қатынастар мен рулық құрылымды, көшпелі өмір салтын талдаған, бұл қазіргі заманғы этнографияда маңызды құнға ие. Сондай-ақ, Шоқан халық ауыз әдебиетіне ерекше мән берген, жинаған эпостар, жырлар, мақал-мәтелдер қазақ әдебиеті мен мәдениетінің негізін зерттеуде маңызды дерек болып табылады.

Қашғар сапары барысында Шоқан Уәлиханов Шығыс өркениетінің тарихи және мәдени мұрасына қатысты аса құнды деректерді ұқыппен жинақтады. Ол бұл зерттеу сапарында тек географиялық және этнографиялық байқаулармен шектелмей, аймақтың ғылыми айналымға енген бірқатар сирек қолжазбаларын сатып алып, шығыс нумизматикасына қатысты ерекше маңызды коллекция қалыптастырды. Сонымен бірге, табиғаттану ғылымдарына қызығушылығының нәтижесінде өңірдің өсімдіктер әлемін сипаттайтын гербарийін толықтырды және геология бойынша тау жыныстарының топтамасын жасады. Бұған қоса, аймақтың көне жазба деректері, тұрмыстық-мәдени бұйымдары, халықтың сәндік қолданбалы өнерінің үлгілері, керамикалық заттар секілді этнографиялық жәдігерлерді де жинап қайтты.

Сапарын аяқтап, 1859 жылдың 11 наурызында кері жолға шыққан Шоқан 12 сәуірде Верный бекінісіне (қазіргі Алматы қаласы) жетеді. Осылайша, оның Қашқарға жасаған экспедициясы жалпы есеппен он ай он төрт күнге созылған. Верныйда шамамен бір жарым ай бойы тынығып, күш жинағаннан кейін ол Омбыға жол тартып, жинақталған материалдарды реттеу, салыстыру және ғылыми жүйелеу жұмыстарын бастайды.

Бұл кездері Санкт-Петербург ғылыми ортасы оның Қашғар саяхатына байланысты есебін ерекше ынтамен күтіп отырған еді. Экспедициялық материалдарды толық әрі дәл сипаттау көптеген нақты деректерді егжей-тегжейлі қайта қарауды талап етті, сондықтан есепті даярлау біраз уақытқа созылды. 1859 жылдың соңында Уәлиханов Ресей империясының астанасына келіп, ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін сонда қалдырылады. Ол Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментіне қызметкер ретінде қабылданып, осылайша әскери құрылымнан сыртқы саясат саласына ауысады. Дегенмен оның әскери шені сақталып, император Александр II қол қойған ресми жарлық бойынша Шоқанның экспедициялық еңбегі жоғары бағаланып, ол штабс-ротмистр дәрежесіне көтеріліп, орденмен және ақшалай марапатпен марапатталады.

П. Семенов-Тянь-Шанскийдің естеліктерінде Шоқанның Санкт-Петербург университетінде дәрістерге жүйелі түрде қатысып, француз және неміс тілдерін біршама терең меңгергендігі атап өтіледі. Петербург кезеңі — Уәлихановтың шығармашылық және ғылыми тұрғыдан ең өнімді жылдары болды. Ол ғылымды, әдебиетті, тарихты терең зерттеуге мүмкіндік алып, орыс зиялыларының алдыңғы қатарымен тығыз қарым-қатынаста болды. Осы жылдары Шоқан Бас штабтың Әскери-ғылыми комитетінде, Азия департаментінде, сондай-ақ Орыс географиялық қоғамында жауапты қызметтер атқарды. Сонымен қатар университетте білімін толықтырып, Азия департаментінің тапсырмасымен Орта Азияға баратын ғалымдарға түркі тілдерінен дәріс берді.

Әскери-ғылыми комитеттің арнайы тапсырмасы бойынша Уәлиханов Орталық Азия мен Шығыс Түркістан аймақтарының карталарын жасауға белсене араласты. Оның тікелей редакторлығымен «Балқаш көлі мен Алатау жотасының арасындағы кеңістіктің картасы», «Іле

өңірінің батыс бөлігінің қалпына келтірілген картасы», «Құлжа қаласының жоспары», «Қытай империясының батыс территориясының картасы» сияқты аса маңызды картографиялық еңбектер жасалды. Ол сондай-ақ әртүрлі тілдердегі көне карталарды салыстырмалы түрде зерттеп, ғылыми айналымға жаңа топографиялық деректер енгізді. Бұл еңбектердің жиынтығы Ш. Уәлихановты қазақ халқының алғашқы кәсіби топографы әрі картографы ретінде тануға толық мүмкіндік береді.

Алайда Петербургтің ылғалды әрі суық климаты және ұзақ жылдарға созылған ауыр экспедициялық сапарлар Шоқанның денсаулығына айтарлықтай зиян тигізді. Дәрігерлер оның жағдайына алаңдап, туған ортасына оралуға кеңес береді. Орыс жазушысы М. Н. Ивлев Шоқанның Петербургтен кету сәтін ерекше суреттейді: 1861 жылдың мамыр айының соңында империя астанасынан Орталық Азияға қарай бет алған экипажда орыс офицерінің формасын киген, жүдеп-жадаған, сырқаты меңдеген жас жігіт отырған. Бұл — Құсмұрын өңірінің аға сұлтаны Шыңғыстың ұлы, Шыңғыс хан әулетінің тікелей ұрпағы, орыс армиясының штабс-ротмистрі Шоқан Уәлиханов еді. Ол небары жиырма бес жасында Қашғария сияқты аса қауіпті аймаққа алғашқы зерттеу сапарын жасап, оны сәтті аяқтап, бұған дейін жабық болып келген өңірді әлемдік ғылымға танытқан тұлға болатын. Петербургтен аттанар алдында ол Бас штаб ғимаратындағы нәтижелі ғылыми жұмысын тоқтатуға мәжбүр болып, Ф. М. Достоевский, А. Н. Майков, Я. П. Полонский, А. Н. Плещеев, В. В. Крестовский, П. П. Семенов-Тянь-Шанский, А. Н. Бекетов, Е. П. Ковалевский секілді көрнекті ақын-жазушылар мен ғалым достарымен қоштасып кетеді.

Оқушыларға сабақ барысында фольклорлық деректерді талдау арқылы ұлттық мәдениет пен тілдік қорды дамытуға болады. Шоқанның ғылыми еңбектерін мектеп сабағында қолдану оқушылардың сыни ойлауын, логикалық талдау қабілетін және зерттеу дағдыларын дамытады. Мысалы, оқушыларға Шоқанның саяхаттары мен экспедициялары туралы тапсырмалар беру арқылы оларды тарихи зерттеу әдістеріне үйретуге болады. Сонымен қатар, ол тек Қазақстан аумағында емес, Ресей және Еуропа ғылым академияларының мүшелерімен де байланыста болған, бұл оның зерттеулері халықаралық деңгейде танылуына жол ашты және қазіргі сабақтарда халықаралық тәжірибе мен салыстырмалы тарихты оқытуға мүмкіндік береді.

Мектеп сабақтарында Шоқан Уәлихановтың зерттеулері интерактивті тақталар, карталар, виртуалды экскурсиялар арқылы оқушыларға ұсынылуы мүмкін, бұл тарихи материалды визуалды түрде меңгертуге, қызығушылықты арттыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар, оқушыларға Шоқанның өмірі мен ғылыми еңбектері негізінде шағын зерттеу жобаларын орындау ұсынылуы мүмкін, мысалы, «Шоқанның саяхаты мен қазіргі Қазақстан картасы» немесе «Қазақ халқының салт-дәстүрін Шоқан арқылы зерттеу» тақырыптары, бұл олардың зерттеу дағдылары мен сыни ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді.


Қорытындылай келе, Шоқан Уәлиханов қазақ ғылымы мен мәдениетінде ерекше орын алады. Оның зерттеулері тек тарихи деректер жинаумен шектелмей, қазақ халқының ұлттық өзіндік санасын, мәдени дәстүрін сақтауға және оны болашақ ұрпаққа жеткізуге бағытталған. Мектеп сабақтарында Шоқанның өмірі мен еңбектерін қолдану оқушылардың тарихи ойлауын дамытуға, зерттеу дағдыларын қалыптастыруға, аналитикалық және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оның ғылыми еңбектері мен экспедициялық тәжірибесі қазіргі педагогтарға заманауи әдістемелерді қолдана отырып, сабақтарды қызықты әрі тиімді өткізуге мүмкіндік береді.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Уәлиханов Ш. Шоқан Уәлихановтың шығармалары. Алматы: Ғылым, 2010.
2. Баймұхамбетов, К. Қазақ тарихының деректері. Алматы: Атамұра, 2018.
3. Аманжолов, С. Шоқан Уәлиханов: өмірі мен қызметі. Алматы: Руханият, 2015.
4. Тұрар, Б. Қазақ этнографиясы мен мәдениеті. Алматы: ҚазҰУ баспасы, 2019.

**Туфанова Белкиз Исаевна**

Учитель начальных классов, педагог-эксперт  
КГУ «Многопрофильная гимназия имени А.Пушкина»  
г.Тараз



## **ИННОВАЦИОННЫЕ СИСТЕМЫ В ОБРАЗОВАНИИ: ПУТЬ К ОБУЧЕНИЮ БУДУЩЕГО**

Современное образование находится на пороге фундаментальных изменений. Традиционные методы обучения, основанные на лекциях и механическом запоминании, постепенно уступают место инновационным системам, которые трансформируют процесс получения знаний. В эпоху цифровых технологий и стремительных социальных изменений образовательная система должна не просто передавать информацию, но и развивать критическое мышление, креативность и способность к адаптации.

Одним из ключевых направлений инноваций является внедрение цифровых технологий в учебный процесс. Интерактивные доски, планшеты, образовательные приложения и онлайн-платформы создают новую образовательную среду, где знания становятся более доступными и увлекательными. Электронные учебники позволяют обновлять содержание в режиме реального времени, а мультимедийные материалы делают сложные концепции более понятными через визуализацию и интерактивность.

Особое значение приобретают системы управления обучением (LMS), которые позволяют организовать учебный процесс в едином цифровом пространстве. Преподаватели могут отслеживать прогресс каждого ученика, предоставлять персонализированные задания и обеспечивать обратную связь в удобном формате.

Инновационный подход к образованию предполагает отказ от принципа “один размер подходит всем”. Персонализированное обучение учитывает индивидуальные особенности, интересы и темп усвоения материала каждым учеником. Адаптивные системы обучения анализируют успехи и трудности студента, автоматически подбирая оптимальный уровень сложности заданий и предлагая дополнительные материалы для закрепления проблемных тем.

Такой подход особенно эффективен для работы с детьми, имеющими особые образовательные потребности, а также для одаренных учащихся, которым требуется более сложная программа. Персонализация помогает каждому ребенку развиваться в собственном темпе, не испытывая стресса от отставания или скуки от слишком простых заданий.

### **Проектное и проблемно-ориентированное обучение**

Современные педагогические инновации делают акцент на активном участии учащихся в образовательном процессе. Проектное обучение предполагает работу над реальными задачами, требующими применения знаний из различных дисциплин. Студенты учатся не просто запоминать факты, а применять их для решения практических проблем, работать в команде, планировать свою деятельность и презентовать результаты.

Проблемно-ориентированное обучение начинается с постановки открытого вопроса или проблемной ситуации, что стимулирует исследовательский интерес и развивает навыки

критического мышления. Учащиеся становятся активными участниками процесса познания, а не пассивными получателями информации.

#### Смешанное и дистанционное обучение

Пандемия COVID-19 ускорила развитие систем дистанционного образования, но даже в постпандемический период смешанные форматы обучения остаются востребованными. Комбинация очных занятий с онлайн-компонентами позволяет эффективно использовать преимущества обоих подходов. Теоретический материал может изучаться дистанционно в удобное время, а очные встречи посвящаются практической работе, дискуссиям и коллективным проектам.

Технологии видеоконференций, виртуальные классы и облачные сервисы для совместной работы расширяют возможности образования, делая его более гибким и доступным для людей из отдаленных регионов или с ограниченными возможностями передвижения.

#### Геймификация образовательного процесса

Использование игровых механик в обучении превращает получение знаний в увлекательный процесс. Системы баллов, рейтингов, достижений и виртуальных наград мотивируют учащихся к активной работе и создают здоровую конкуренцию. Образовательные игры и симуляции позволяют безопасно экспериментировать, совершать ошибки и учиться на них без реальных негативных последствий.

Геймификация особенно эффективна для младших школьников и подростков, поскольку соответствует их естественной потребности в игре и исследовании окружающего мира.

#### Искусственный интеллект в образовании

Технологии искусственного интеллекта открывают новые горизонты для образовательных инноваций. ИИ-ассистенты могут выступать в роли персональных репетиторов, отвечая на вопросы учащихся круглосуточно и предоставляя объяснения в доступной форме. Системы автоматической проверки работ освобождают время преподавателей для более творческих аспектов педагогической деятельности.

Аналитика больших данных помогает выявлять тенденции в образовательных результатах, предсказывать риски неуспеваемости и своевременно принимать корректирующие меры. Однако важно помнить, что технологии должны дополнять, а не заменять человеческое взаимодействие между учителем и учеником.

#### Развитие социально-эмоциональных навыков

Инновационное образование уделяет значительное внимание не только академическим знаниям, но и развитию так называемых “мягких навыков”. Эмоциональный интеллект, способность к сотрудничеству, навыки коммуникации и решения конфликтов становятся неотъемлемой частью современных образовательных программ.

Специальные тренинги, групповые проекты и практики осознанности помогают учащимся лучше понимать себя и других, управлять своими эмоциями и строить здоровые отношения. Эти навыки критически важны для успешной жизни и карьеры в современном мире.

Традиционное разделение знаний на отдельные предметы постепенно уступает место интегрированному подходу, где различные дисциплины объединяются вокруг общих тем или проблем. STEM-образование (наука, технологии, инженерия, математика) и его расширенная версия STEAM (с добавлением искусства) демонстрируют, как различные области знаний взаимодействуют в реальном мире.

Междисциплинарные проекты помогают учащимся видеть целостную картину мира и понимать взаимосвязи между различными явлениями, что способствует более глубокому и осмысленному обучению.

Несмотря на очевидные преимущества, внедрение инновационных систем в образование сталкивается с рядом препятствий. К ним относятся недостаточное финансирование,

необходимость переподготовки педагогических кадров, сопротивление изменениям со стороны части преподавателей и администрации, а также проблемы цифрового неравенства.

Для успешного внедрения инноваций требуется системный подход, включающий государственную поддержку, инвестиции в инфраструктуру и технологии, программы повышения квалификации учителей и вовлечение всех заинтересованных сторон в процесс трансформации образования.

Инновационные системы в образовании - это не дань моде, а необходимый ответ на вызовы быстро меняющегося мира. Они помогают готовить учащихся не к известному настоящему, а к неопределенному будущему, развивая навыки, которые позволят им успешно адаптироваться к любым изменениям.

Ключ к успешной трансформации образования заключается в разумном сочетании технологических инноваций с проверенными педагогическими принципами, при этом в центре всегда должен оставаться человек - с его уникальными потребностями, талантами и стремлением к развитию. Только такой гуманистический подход к инновациям позволит создать образовательную систему, которая действительно служит интересам каждого учащегося и общества в целом.

**Талғат Маржан Әлібекқызы**

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Алматы қаласы Білім басқармасының

"№77 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

## **6- СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН ЛЕКСИКАЛЫҚ - ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНУМУММЕН ЖҰМЫС**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада 6-сынып оқушыларына арналған лексикалық-грамматикалық минимуммен жұмыс жүргізудің маңызы мен әдістемелік ерекшеліктері қарастырылған. Мақаланың мақсаты – қазақ тілін оқыту үдерісінде оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамытуға бағытталған тиімді тәсілдерді ұсыну. Лексикалық-грамматикалық минимум – оқушылардың жас ерекшелігі мен тілдік деңгейіне сай таңдалған негізгі сөздер мен грамматикалық құрылымдардың жиынтығы. Мақалада бұл минимумды меңгерту барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер: ойын түрлері, коммуникативтік тапсырмалар, мәтін арқылы бекіту және тілдік жаттығуларды түрлендіру жолдары талданады. Автор оқушылардың сөздік қорын байыту, грамматикалық дағдыларын қалыптастыру және тілдік материалды өмірлік жағдаяттарда қолдануға үйретудің тиімділігін негіздейді.

**Кілт сөздер:** лексикалық-грамматикалық минимум, 6-сынып, қазақ тілі, әдістеме, тілдік құзыреттілік, коммуникативтік тапсырмалар.

Білім алушылардың мүдделерін, бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, ұлттық және халықаралық тәжірибелердің ең үздік үлгілерін басшылыққа алып жасалған оқытуды **саралау** және **даралау** үдерісін, білім беру үдерісін ұйымдастыру әрқашан өзекті.

Қазіргі таңда қазақ тілін оқыту үдерісінде оқушылардың тілдік және коммуникативтік құзыреттілігін дамыту басты мақсаттардың бірі болып табылады. Бұл бағытта лексикалық-грамматикалық минимуммен жүйелі жұмыс жүргізудің маңызы зор. Себебі, тіл үйренушінің сөздік қоры мен грамматикалық құрылымдарды дұрыс меңгеруі оның тілдік қарым-қатынасқа еркін түсуінің негізгі шарты деп санаймын.

Лексикалық-грамматикалық минимум – оқушылардың жас ерекшелігі мен тілдік деңгейіне сай таңдалған, тілдің негізгі бірліктерін қамтитын сөздер мен грамматикалық

формалардың жиынтығы. 6-сынып кезеңінде бұл минимум оқушылардың тілдік білімін жүйелеуге, негізгі сөздік қорын кеңейтуге және сөйлеу, жазу дағдыларын қалыптастыруға бағытталады. Ол оқушыға тілді саналы түрде меңгеруге, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдануға мүмкіндік береді.

Іс тәжірибе барысында лексикалық-грамматикалық минимуммен жұмыс жүргізген бағыттарыма тоқталсам;

**Лексикалық жұмыс.** Оқушыларға жаңа сөздерді мағынасы мен қолданылу аясына қарай таныстыру, оларды сөйлем ішінде қолдануға дағдыландыру. Сөздік қорды байыту үшін суреттер, сөздік ойындар, синоним-антонимдермен жұмыс, сөз тіркестері мен тұрақты тіркестерді меңгерту тиімді.

**Грамматикалық жұмыс.** Грамматикалық құрылымдарды түсіндіруде көрнекілік, салыстыру, үлгі бойынша сөйлем құрату әдістері қолданылады. Мысалы, етістік шақтарын немесе септік жалғауларын меңгертуде түрлі жаттығулар мен өмірлік жағдаяттарға негізделген тапсырмалар беріледі.

**Коммуникативтік бағыттағы тапсырмалар.** Лексикалық және грамматикалық материалды бекіту мақсатында диалог, әңгіме, пікірталас, мәтін құрастыру, сұхбат жүргізу секілді әрекеттер ұйымдастырылады. Бұл тәсіл оқушылардың тілдік белсенділігін арттырады.

**Мәтінмен жұмыс.** Мәтін арқылы жаңа сөздер мен грамматикалық формаларды меңгерту – тиімді әдіс. Мәтінді талдау барысында оқушылар негізгі ойды анықтап, мазмұндап айтып береді, өз ойын білдіреді және жаңа сөздерді контексте қолдануға үйренеді.

2. Hart, G. Geometric Sculpture and Structure. — New York: Springer, 2015.
3. Хьюм Л. Геометриялық интуицияны дамыту әдістері. — Лондон, 2018.
4. Кенеш Ж. Мектептегі геометрияны оқыту теориясы. — Алматы: Білім, 2020.
5. OECD. PISA Mathematics Framework. — Paris: OECD Publishing, 2022.
6. Polya G. How to Solve It. — Princeton University Press, 2014.

#### Утарова Дарига Булатовна

Тьютор

КГУ "Общеобразовательная школа №21" отдела образования города Уральск  
управления образования акимата Западно-Казахстанской области"



### ПОВЕДЕНЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБУЧЕНИИ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ

**Аннотация:** в статье рассматриваются современные поведенческие технологии в обучении детей с особыми образовательными потребностями (ООП). Анализируются методы структурированного обучения, поведенческие интервенции, ролевые игры и технологии адаптивного обучения с использованием ИИ. Особое внимание уделяется формированию навыков саморегуляции, эмоциональной компетентности и социального взаимодействия. Отмечается важность интеграции междисциплинарного подхода, взаимодействия с родителями и постоянного профессионального развития педагогов. Сделан вывод о необходимости комплексного применения поведенческих технологий для эффективного формирования обучающих и социальных навыков у детей с ООП.

**Ключевые слова:** поведенческие технологии, дети с особыми образовательными потребностями, структурированное обучение, социально-поведенческие интервенции, адаптивное обучение, искусственный интеллект, эмоциональная компетентность, саморегуляция, ролевые игры, междисциплинарный подход.

Современная образовательная среда требует внедрения инновационных подходов к обучению детей с особыми образовательными потребностями (ООП), среди которых особое место занимают поведенческие технологии. Эти технологии направлены на формирование позитивного поведения, развитие социальных и когнитивных навыков, а также на адаптацию учащихся к требованиям учебного процесса в школе и внешней среде. Поведенческие методы основаны на принципах психологии поведения и педагогики, предполагая систематическое использование подкрепления, коррекции и целенаправленного обучения с учетом индивидуальных особенностей каждого ребенка.

Ключевым аспектом применения поведенческих технологий является индивидуализация образовательного процесса. Для каждого ученика разрабатывается персонализированная программа обучения, которая учитывает его когнитивные, эмоциональные и социальные особенности. Важной составляющей является создание структурированной среды, где каждый элемент учебного процесса – от организации класса до планирования уроков – способствует формированию положительного поведения и успешной социализации. Использование визуальных и вербальных подсказок, сигналов, правил и четкой структуры занятий позволяет снизить тревожность у детей с ООП и повышает уровень усвоения учебного материала.

Поведенческие технологии также предполагают использование систем поощрения и мотивации. Это могут быть балльные системы, карточки успеха, визуальные графики прогресса, которые демонстрируют достижения учащихся и стимулируют дальнейшее участие в учебной деятельности. Важно учитывать баланс между положительным подкреплением и конструктивной коррекцией, избегая наказаний, которые могут снижать мотивацию и формировать чувство тревожности.

Для детей с аутизмом и другими нарушениями развития особенно эффективным является метод прикладного анализа поведения (Applied Behavior Analysis, АВА), который включает систематическое наблюдение за поведением, его анализ и корректировку через повторение и подкрепление желаемых действий. Включение АВА в образовательный процесс способствует развитию коммуникационных навыков, социальных взаимодействий, а также способности к саморегуляции и планированию действий.

Кроме того, современные педагогические исследования подтверждают эффективность интеграции поведенческих технологий с интерактивными и мультимедийными средствами обучения. Использование планшетов, обучающих приложений, интерактивных досок и визуальных моделей позволяет детям с ООП лучше воспринимать учебный материал, развивать внимание и память, а также стимулирует участие в коллективной работе. Важную роль играет и взаимодействие с родителями, которые включаются в процесс обучения, обеспечивая закрепление навыков в домашних условиях и поддерживая эмоциональный комфорт ребенка.

Эффективность поведенческих технологий определяется системным подходом к обучению. Необходимо планировать индивидуальные образовательные маршруты, регулярно проводить мониторинг прогресса и корректировать методы обучения в зависимости от динамики развития ребенка. Педагог должен обладать компетенциями в области психологии, специальной педагогики и современных образовательных технологий, чтобы грамотно организовать процесс обучения и создавать условия для успешной адаптации детей с ООП.

Помимо классических методов АВА и структурированного обучения, современные исследования подчеркивают важность интеграции социально-поведенческих интервенций. Они включают моделирование социальных ситуаций, ролевые игры, групповые проекты и тренировки навыков общения, которые помогают детям осваивать нормы поведения в коллективе. Например, учащиеся могут участвовать в ситуациях обмена, совместного решения задач или ролевых сценок, что способствует развитию эмпатии, самоконтроля и умения взаимодействовать со сверстниками.

Особое внимание уделяется саморегуляции и эмоциональной компетентности. Для детей с ООП критически важно формировать умение распознавать свои эмоции, управлять стрессом и правильно выражать потребности. Педагоги используют визуальные шкалы эмоций, карточки с изображениями настроений, дыхательные и релаксационные упражнения, что положительно влияет на эмоциональное благополучие и готовность к обучению.

Также актуально внедрение технологий адаптивного обучения, основанных на искусственном интеллекте. Программные комплексы анализируют успехи и ошибки каждого ученика, подбирают индивидуальные задания, предлагают повторение и усложнение материала в зависимости от динамики прогресса. Это позволяет минимизировать перегрузку, повысить мотивацию и ускорить освоение учебного материала.

Важно учитывать взаимодействие с родителями и семейное сопровождение. Эффективное обучение невозможно без согласованной работы педагогов и родителей. Родители обучаются использовать домашние упражнения, систему поощрений и корректировок, что создает непрерывную образовательную среду и способствует закреплению навыков.

Современные тенденции подчеркивают также важность междисциплинарного подхода: психологи, логопеды, дефектологи и социальные педагоги работают совместно с учителями, создавая комплексные программы, адаптированные под индивидуальные потребности каждого ребенка. Такой подход обеспечивает целостное развитие личности, укрепляет мотивацию к обучению и формирует социально адаптированные навыки.

Наконец, успешное внедрение поведенческих технологий требует постоянного профессионального развития педагогов, тренингов, мастер-классов и обмена практическим опытом. Педагог должен быть готовым к внедрению новых методов, корректировке стратегий в зависимости от динамики ребенка и оценке эффективности используемых технологий.

Таким образом, поведенческие технологии являются фундаментальным инструментом для обучения детей с особыми образовательными потребностями. Они обеспечивают систематическое развитие социальных, когнитивных и эмоциональных навыков, способствуют успешной интеграции учащихся в образовательное пространство, формируют позитивное поведение и мотивацию к обучению. Актуальность применения данных технологий обусловлена необходимостью повышения качества образования для всех категорий учащихся и создания инклюзивной образовательной среды, где каждый ребенок получает равные возможности для развития.

#### **Использованные литературы:**

1. Шапиро, Д. «Прикладной анализ поведения (АВА) в обучении детей с аутизмом». – Москва: Педагогика XXI века, 2019.
2. Браун, С., Хендерсон, Л. «Социальные навыки и поведенческая коррекция у детей с ООП». – Санкт-Петербург: Речь, 2020.
3. Маурер, Р. «Интегративные подходы в специальной педагогике». – Москва: Академия, 2018.
4. Казанцева, Е. «Эмоциональная компетентность и саморегуляция у детей с особыми потребностями». – Педагогическое образование, 2021, №3, с. 45–57.

**Темирова Балжан Абдуллиевна**  
Учитель русского языка и литературы  
КГУ «Средняя школа № 99» акимата города Астана



### ЯЗЫК МЕНЯ ПРАВДЕ И ДОБРОТЕ НАУЧИЛ...

<b>Раздел</b>	<b>6. «Язык и общение»</b>			
<b>ФИО педагога</b>	<b>Темирова Б.А.</b>			
<b>Тема урока</b>	Язык меня правде и доброте научил...			
<b>Цели обучения, которые достигаются на данном уроке (ссылка на учебную программу)</b>	6.3.3.1 формулировать вопросы, направленные на оценку содержания текста, и отвечать на вопросы, выражая своё мнение по теме и/или поднимаемой проблеме; 6.1.3.1. понимать содержание рассказов, поэтических произведений, содержащих знакомые лексические и грамматические единицы, определяя тему и основную мысль, характеризовать и оценивать поступки персонажей или лирического героя			
<b>Цель урока</b>	- формулирует вопросы, направленные на оценку содержания текста, и отвечает на вопросы, выражая своё мнение по теме и/или поднимаемой проблеме; - определяет тему, основную мысль			
Ход урока				
<b>Этапы урока</b>	<b>Деятельность учителя</b>	<b>Деятельность обучающихся</b>	<b>Оценивание</b>	<b>Ресурсы</b>
Организационный момент	<p><b>Организационный момент</b> <b>1. Психологический настрой.</b> Человеческая доброта - самое удивительное явление в мире. Попробуйте с помощью улыбки передать своё настроение. Я вижу настроение у вас хорошее, деловое, итак, за работу.</p> <p>Деление на группы <b>Актуализация знаний.</b> <b>Прием «Лови вопрос!»</b> 1. В нашей республике люди говорят на каких языках? 2. Государственным языком в нашей стране является какой язык? 3. Во всех школах, кроме родного, изучаются какие языки? 4. Что такое трехязычие? 5. Прочитай наизусть «Стихотворение в прозе» Тургенева.</p> <p>Групповая работа</p>	<p>Настраиваются на положительный настрой урока.</p> <p>Отвечают на вопросы</p>	<p><b>ФО. Словесная похвала</b></p> <p><b>ФО</b></p> <p><b>Графическое поощрение</b></p>	 <p>Видеоролик Компьютер. Интерактивная доска Ключевые слова Учебник.</p>

	<p>1 группа: составить кластер со словосочетанием «Счастье для маленького ребенка и счастье для матери»</p> <p>2 группа: Составить кластер со словосочетанием «Счастье для граждан независимой, свободной страны»</p>	<p>Составляют кластер</p>	<p>«Три хлопка»</p>	<p>Карточки, бум аги, маркеры</p>
<p><b>Изучение нового материала</b></p>	<p><b>Подведение к теме</b> А теперь догадайтесь, о чем мы будем говорить сегодня на уроке? -Правильно. Мы познакомимся со стихотворением известного поэта М.Макаатаева «Три счастья», определим тему и основную мысль прочитанного произведения <b>Изучение нового материала.</b> 1. Что вы знаете о нем? 2. Где и когда родился поэт? 3. Какие его стихи стали популярными в народе, любимыми песнями? 4. Как народ сохраняет память о нем? 5. Давайте все вместе споем песню «Бакыт деген...» <b>А теперь послушаем Стихотворение «Три счастья»</b> Учитель на русском, ученики на казахском языке читают стихотворение Стихотворение написано от имени лирического героя. Лирический герой – это условный образ человека, который в стихотворении говорит о себе «Я». Поэт и лирический герой не совпадают. В лирическом герое автор отражает идеи, мысли, настроения и чувства своего времени. Основная мысль: Счастье человека в любви к своему народу, языку. к родной стране.</p> <p><b>Г. Задание</b> <b>1 группа</b> Прочитайте 1,2 строфу стихотворения. Что понимает поэт под первым и вторым счастьем? Что означает слово СОТОВЫЙ (мед) Выпишите эпитеты</p> <p><b>2 группа</b> Прочитайте 3,4 строфу стихотворения. О каком счастье говорит поэт? Что означает для поэта Арка, Атырау, Алатау, Алтай?</p> <p>Определи значение слова ПОГАСШИЙ (очаг) Работа по учебнику. Упр. 4 стр. 131. Лексическая работа</p>	<p>Отвечает на вопросы. записывают тему урока и цели обучения</p> <p>Учащиеся споят песню</p> <p>Учащиеся читают на казахском языке</p> <p>Учащиеся прочитают и выполнят задания</p>	<p>Словесное поощрение</p> <p><b>Дескрипторы</b> раскрывает значение незнакомых слов; выписывает эпитеты. делает вывод о содержании прочитанной части. отвечает на вопросы; выражает свое мнение.</p>	<p>Слайд 1. Цели обучения</p> <p>видеоролик</p> <p>Слайд 2</p> <p>Слайд 3 Дескрипторы</p> <p>учебник</p>

	<table border="1" data-bbox="375 219 817 544"> <tr> <td>Утверждение</td> <td>Да</td> <td>Нет</td> </tr> <tr> <td>Стихотворение М.Макаатаева посвящено родному народу, родному языку, родной стране</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Автор воспеваеь подвиги батыров в борьбе с джунгарами</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Автор считает своим учителем Абая</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Поэт высоко ценит современную технику</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>М.Макаатаев готов поделиться теплом своего щедрого сердца</td> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p><b>Ключ 1.Да.2.Нет.3.Нет.4.Нет5.Да.</b>  <b>Физкультминутка</b>          «Я хочу учиться,          Я хочу трудиться,          Я хочу учась трудиться,          Я хочу трудясь учиться»</p> <p><b>Освоение изученного материала.</b>          Тест          1.В каком году родился Макаатаев?          А)1929 В)1930 С)1931 Д)1932          2.Что считает поэт своим счастьем?          А) Народ, родной язык, Родина-мать          В) Народ, дети, поколение          С) Народ, родители,будущее          Д)Народ,окружающие          3.Какие качества поэт ценит,считает важными,необходимыми для счастья?          А) Лицемерие и ворвство          В)Правдивость и доброта          С) Аккуратность и прилежность          Д)Трусость и злость          4.Найдите эпитет          А)Мой (народ)          В)Своих (стихов )          С)Светлая (радость)          Д)Мой (язык)          5,Олицетворение          А)Люди придут          В) Стихов отдаю          С) Три счастья лежат          Д)Ему отдаю          Синквейн на тему «Родной язык»  <b>Обратная связь учителя</b>          О чем мы сегодня узнали ?          Достиг ли цели урока?</p>	Утверждение	Да	Нет	Стихотворение М.Макаатаева посвящено родному народу, родному языку, родной стране			Автор воспеваеь подвиги батыров в борьбе с джунгарами			Автор считает своим учителем Абая			Поэт высоко ценит современную технику			М.Макаатаев готов поделиться теплом своего щедрого сердца			<p>Выполняют упражнение</p> <p>Учащиеся заполняют таблицу.</p> <p>Учащиеся повторяют задания</p> <p>Выполняют задания</p> <p>Показывают ответы по штрихкоду</p> <p>Составляют синквейн</p>	<p><b>Графическое поощрение</b></p> <p><b>ФО «Водяные весы»</b></p> <p><b>ФО Взаимооценивание</b></p> <p><b>Штрих коды PLICKERS</b></p> <p><b>ФО «Комментарий одноклассника»</b></p>	<p>2 стакана со знаками + -, стакан воды</p> <p>Смартфон, карточки Plickers</p>
Утверждение	Да	Нет																				
Стихотворение М.Макаатаева посвящено родному народу, родному языку, родной стране																						
Автор воспеваеь подвиги батыров в борьбе с джунгарами																						
Автор считает своим учителем Абая																						
Поэт высоко ценит современную технику																						
М.Макаатаев готов поделиться теплом своего щедрого сердца																						
<p><b>Подведение итогов урока (5 мин)</b></p>	<p><b>Подведение итогов урока: Рефлексия</b>          «SMS к другу».</p>	<p><b>Домашняя работа упр.8, стр.132</b>          Прочитайте высказывания на родном языке.          Переведите на русский язык          Записывают д.з. в дневники</p>	<p>Самооценивание</p>																			

**Косаева Камила Кабыловна**

Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-модератор  
Түркістан облысы білім басқармасының  
«№ 5 арнайы мектеп-интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесі



## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ DAҒДЫЛАРЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАР АРҚЫЛЫ ДАМУЫ АӘДІСТЕМЕСІ .**

**Аннотация:** мақалада бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу дағдыларын шығармашылық жұмыстар арқылы дамыту әдістемесі қарастырылады. Тілдік белсенділікті арттыруда мұғалімнің әдістемелік және шығармашылық шеберлігінің рөлі сипатталады. Шығармашылық тапсырмалардың психологиялық және педагогикалық негіздері, олардың оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы маңызы талданады. Заманауи технологияларды, соның ішінде жасанды интеллект элементтерін пайдалану арқылы тілдік оқытудың тиімділігі айқындалады.

**Кілт сөздер:** сөйлеу дағдысы, шығармашылық жұмыс, бастауыш сынып, әдістеме, тілдік орта, коммуникативтік құзыреттілік, педагогикалық технология, жасанды интеллект.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты мақсаты – тұлғаның жан-жақты дамуына жағдай жасау, оның ішінде тілдік және коммуникативтік қабілеттерді қалыптастыру. Әсіресе бастауыш сынып кезеңі – баланың сөйлеу мәдениеті мен тілдік қарым-қатынас негіздері қаланатын аса маңызды кезең. Бұл жастағы балалардың ойлау, есте сақтау, қиял және сөйлеу қабілеттері қарқынды дамиды, сол себепті мұғалімнің әдістемелік шеберлігі мен шығармашылық тәсілдері шешуші рөл атқарады. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу дағдыларын дамытуда шығармашылық жұмыстардың алатын орны ерекше, өйткені олар оқушының жеке тәжірибесіне, қызығушылығына және эмоциялық қатысуына сүйенеді. Шығармашылық жұмыстар арқылы сөйлеу дағдыларын қалыптастыру тек тілдік білім берудің құралы ғана емес, сонымен бірге оқушының тұлғалық дамуының тиімді тетігі болып табылады. Мұндай жұмыстардың ішінде әңгіме құрастыру, ертегі жалғастыру, өлең шығару, көрініс қою, пікірталас, эссе жазу сияқты әдістер бар. Бұл тапсырмалар оқушылардың сөздік қорын байытып қана қоймай, логикалық ойлау, бейнелі сөйлеу және өз ойын жүйелі жеткізу дағдыларын жетілдіреді. Мұғалімнің міндеті – шығармашылық тапсырмаларды оқушының жас ерекшелігіне сай таңдап, оны сабақтың мақсатымен үйлестіру. Мысалы, 2-сыныпта оқушыларға белгілі бір сурет бойынша қысқа әңгіме құрату тиімді болса, 4-сыныпта өмірден алынған жағдайлар негізінде диалог немесе мини-эссе жаздыру олардың тілдік белсенділігін арттырады. Бұл әдіс оқушылардың ойлау икемін дамыта отырып, сөйлеу процесін табиғи әрі қызықты етеді. Сөйлеу дағдыларын дамытуда мұғалім оқушының ішкі мотивациясына ерекше назар аударуы қажет. Егер бала өзін еркін сезініп, өз ойын айтуға мүмкіндік алса, оның сөйлеу қабілеті табиғи түрде жетіледі. Осы тұрғыда шығармашылық тапсырмалар – бала мен мұғалім арасындағы сенімді қарым-қатынастың, тілдік ынталандырудың негізгі құралы. Баланың әрбір жауабы, ойы мен қиялы педагог тарапынан қолдау табуы тиіс, өйткені эмоционалдық қолдау сөйлеуге деген сенімділікті арттырады. Сабақ барысында қолданылатын шығармашылық

әдістердің бірі – сөйлеу жағдайларын модельдеу. Бұл тәсілде мұғалім балаларды белгілі бір өмірлік жағдайға енгізіп, сол бойынша сөйлетуге бағыттайды. Мысалы, “дүкенде”, “поштада”, “мектепте”, “қонақта” сияқты ситуациялар баланың диалогтік сөйлеу қабілетін жетілдіреді. Осындай тапсырмалар барысында балалар өзара сұрақ қоюды, жауап беруді, пікір білдіруді, келісу немесе келіспеуді үйренеді. Бұл әдіс тек тілдік белсенділікті арттырып қоймай, оқушылардың коммуникативтік мәдениетін де қалыптастырады. Шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыруда интерактивті әдістер мен ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану тиімді нәтиже береді. Мысалы, мультимедиялық көрнекіліктер, интерактивті тақтадағы суреттер, бейнероликтер немесе дыбыстық тапсырмалар балалардың қызығушылығын оятады. Әсіресе қазір жасанды интеллект негізіндегі білім беру платформаларының көмегімен оқушылар өз мәтіндерін автоматты түрде тексеріп, грамматикалық және стилистикалық қателерін түзете алады. Бұл тәсіл оқыту процесін дараландырып, өзін-өзі бақылау дағдысын дамытады. Шығармашылық жұмыстар сөйлеу әрекетінің барлық түрін қамтиды: тыңдау, түсіну, сөйлеу, оқу және жазу. Мұғалім сабақта бұл бағыттардың арасындағы байланысты сақтау арқылы оқушылардың тілдік құзыреттілігін жан-жақты дамытады. Мысалы, мәтін тыңдату арқылы оқушылар оның мазмұнын әңгімелеп береді; кейін өз көзқарасын жазады немесе сахналық көрініс түрінде қайта құрады. Мұндай тапсырмалар бір уақытта сөйлеу мен ойлауды қатар дамытады. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда драматизация элементтері, ойын технологиялары, топтық және жұптық жұмыс тәсілдері ерекше маңызға ие. Оқушылардың шығармашылық тобы шағын көрініс қойып, өз ойларын сахна арқылы білдіреді. Бұл әдіс эмоционалдық әсермен қатар, тілдік белсенділікті арттырады. Ал топтық жұмыс балаларды бір-бірін тыңдауға, өз пікірін дәлелдеуге және топ алдында сөйлеуге үйретеді. Баланың сөйлеу қабілетінің дамуы оның қиялы мен эмоциялық интеллектісіне тығыз байланысты. Шығармашылық тапсырмалар – қиялды белсендіреді, еркін ойлауға және тілдік икемділікті арттыруға мүмкіндік береді. Мысалы, ертегі құрастыру, бейнелі сипаттау, кейіпкермен диалог құру сияқты жұмыстар арқылы бала тек тілдік материалды меңгеріп қана қоймай, өз ойын жүйелі жеткізуді үйренеді. Бастауыш сынып мұғалімі сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда бағыт беруші, ынталандырушы тұлға болуы тиіс.

Мұғалімнің сөйлеу үлгісі, дауыс ырғағы, сөз саптауы, балаларға қоятын сұрақтарының мазмұны – бәрі оқушылардың сөйлеу мәдениетіне тікелей ықпал етеді. Мысалы, сабақ барысында «ашық сұрақтар» қою («Неліктен сен солай ойлайсың?», «Қалай ойлайсың, басқаша шешім бола ма?») оқушыларды өз көзқарасын дәлелдеуге, сөздік қорын кеңейтуге жетелейді.

Шығармашылық тапсырмалардың типологиясына:

- Сөздік шығармашылық тапсырмалар: мақал-мәтелді жалғастыру, өлең жолын аяқтау, қысқаша әңгіме құрастыру.
- Көркемдік бейнелеу тапсырмалары: сурет бойынша әңгіме құрастыру, комикс түрінде мәтін жазу, диалог құру.
- Проблемалық жағдаяттар: балаларға шешімін табуды қажет ететін өмірлік жағдаят ұсыну (мысалы, «Досың ренжіді. Сен не істейсің?»).
- Интерактивті ойындар: рөлдік ойындар, «Қалпына келтіру» (мәтінді жалғастыру), «Бір сөйлеммен ой жеткіз» сияқты әдістер.

Инклюзивті білім беру жағдайында әр баланың сөйлеу мүмкіндігі мен қабілеті әртүрлі деңгейде болады. Осыған байланысты мұғалім дифференциалды тәсілді қолдануы тиіс:

- сөйлеу қиындықтары бар балалар үшін визуалды тірек (сурет, сызба, символ) пайдалану;
- баяу қарқынмен сөйлеу, қарапайым сұрақтар қою
- жеке сөйлеу терапия элементтерін (артикуляциялық жаттығулар, сөз қайталау, дыбыс түзету) кірістіру.

Сөйлеуді дамытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар да үлкен мүмкіндік береді.

- Аудио-подкасттар: оқушылар өз дауыстарын жазып, әңгіме немесе өлең оқиды. Бұл сөйлеу ырғағын, дикцияны және сенімділікті дамытады.

- Интерактивті мультимедиялық жаттығулар: мысалы, «StoryJumper», «Book Creator» сияқты платформаларда балалар өз әңгімесін бейнелі түрде құрастыра алады.

- Онлайн пікірталастар: бастауыш сыныптың жоғарғы деңгейінде Zoom немесе Padlet сияқты құралдарда мини-талқылаулар ұйымдастыру сөйлеу белсенділігін арттырады.

Бастауыш мектептегі шығармашылық жұмыстардың тиімділігі мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне тікелей байланысты. Ол әр баланың психологиялық ерекшелігін, сөйлеу қарқынын, сөздік қорын және өзіне деген сенімділігін ескеріп, жеке тәсіл қолдануы тиіс. Мысалы, сөйлеу қабілеті баяу дамыған балаларға сурет арқылы сөз тіркестерін құрату, ал белсенді балаларға шағын ертегі немесе өлең құрату әдістері қолданылады. Шығармашылық жұмыстарды жүйелі қолдану нәтижесінде оқушылардың тілдік белсенділігі, логикалық ойлауы және эстетикалық талғамы қалыптасады. Сонымен қатар, олар өз ойын әдеби тіл нормасына сай жеткізуді, сөз мағынасының нәзіктігін сезінуді үйренеді. Бұл оқушылардың жалпы мәдениеті мен тұлғалық дамуына әсер етеді. Қазіргі заман талабына сай сөйлеу дағдыларын дамыту тек дәстүрлі әдістермен шектелмеуі тиіс. Бүгінде жасанды интеллект негізіндегі тілдік тренажерлар мен автоматтандырылған сөйлеу талдау жүйелері педагогикалық тәжірибеге еніп отыр. Мысалы, AI негізіндегі жүйелер оқушының айтқан сөзін талдап, оның фонетикалық және грамматикалық деңгейін бағалай алады. Бұл технология мұғалімге оқушының даму динамикасын нақты көруге мүмкіндік береді. Шығармашылық бағыттағы оқыту балалардың қиялын, ой ұшқырлығын, өмірге деген белсенді көзқарасын қалыптастырады. Әр сабақ оқушы үшін өзін көрсетуге мүмкіндік болуы керек, ал мұғалім сол мүмкіндікті аша білуі тиіс. Бастауыш сыныптағы шығармашылық жұмыс тек сөйлеу дағдыларын дамытып қоймай, оқушылардың адамгершілік қасиеттерін, еңбек сүйгіштігін және өз еңбегіне жауапкершілік сезімін де қалыптастырады.

Қорыта айтқанда, бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу дағдыларын шығармашылық жұмыстар арқылы дамыту – тілдік білім берудің ең тиімді, нәтижелі және тұлғалық бағытталған әдістемелерінің бірі. Ол баланың жеке тәжірибесін ескеріп, табиғи ортада сөйлеу әрекетін дамытады, сөйлеу мен ойлаудың бірлігін қамтамасыз етеді. Мұндай әдіс оқушының өмір бойы үйренуге деген қызығушылығын сақтап, оның өзіндік көзқарасы мен тілдік мәдениетін жетілдіреді.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Айтбаева, Ш. «Бастауыш мектепте тіл дамыту әдістемесі». – Алматы: Рауан, 2020 ж
2. Қайырбаева, А. «Шығармашылық іс-әрекет және оқушылардың сөйлеу қабілеті». – Педагогика журналы, №3, 2021ж
3. Выготский, Л.С. «Мышление и речь». – Москва: Педагогика, 2019 ж
4. Назарбаев, Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». – Егемен Қазақстан, 2017ж

**Бокаева Жанаргул Едышевна**  
Тәрбиеші, педагог - модератор  
"Оңалту орталығы" КММ  
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы



### «АЛМА СУРЕТІН БОЯЙМЫЗ»

Білім беру саласы: Шығармашылық

Бөлімі: Сурет салу

Өтпелі тақырыбы: «Жомарт күз»

<b>Тақырыбы</b>	«Алма суретін бояймыз»	
<b>Күні:</b>		
<b>Топ: «Жұлдызай»</b>	Қатысқан бала саны: 4	
<b>Нақтамасы:</b>	Тірек-қимыл аппаратының бұзылысы.	
<b>Мақсаты:</b>	Балаларға негізгі түстерді топтастыруға үйрету: қызыл, көк, жасыл, сары түспен таныстыру. Алма суретін бояуды үйрету. Сенсорлық ойлау қабілетін дамыту. Тапсырманы ұқыпты орындауды тәрбиелеу.	
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Түстерді топтастырады, сәйкестендіреді.	
<b>Өткенді қайталау:</b>	Күз ерекшеліктерін айтады.	
<b>Түзету-дамыту жұмысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
Дұрыс әсерлі көңіл-күй орнату	Амандасу: -Сәлеметсіңдер ме, балалар! -Көңіл-күйлерің қалай?	көңілді музыка
Ұйымдастыру	<b>Шаттық шеңбері</b> Табиғат-біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз. -Жарайсыңдар, балалар! -Балалар, қарандаршы, бізге көптеген қонақтар келіп отыр. Қонақтармен амандасайық. (балалар амандасады). -Балалар, қарандаршы, айнала неткен тамаша! Қазір жылдың қай мезгілі? -Күз мезгілінде ауа-райы қалай өзгереді? -Жарайсыңдар, балалар! Иә, балалар, қазір жылдың күз мезгілі. Күз мезгілінде неше ай бар? -Балалар, күзде аспанды бұлт қаптайды, жаңбыр жиі жауады. Адамдар қол шатырмен жүреді. Жапырақтар сарғайып жерге түседі. Жыл құстары жылы жаққа ұшып кетеді. Бау-бақшада жемістер мен көкөністер піседі. Тосын сәт:	

	<p>- Балалар, мұнда бір қорапша тұр екен, оның ішінде не бар екен, қәнеки ашып көрейікші. (қорапшаны ашу, ішінен түрлі-түсті шарлар шығады)</p> <p>- Ой, балалар, мұнда түрлі- түсті шарлар бар екен, шарлардың түстерін атап жіберейікші. (балалар шарлардың түстерін атайды)</p> <p>-Балалар, мен сендерге әр түске байланысты тапсырмалар дайындадым. Егер сол тапсырмаларды дұрыс орындасаңдар, сендерге сыйлық дайындап қойдым.</p> <p>- Балалар, тапсырмаларын орындаймыз ба?</p> <p>- Иә.</p> <p><b>1-тапсырма. «Сары түс»</b> Жұмбақ: Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) Ойын тапсырма: «Күннің шуақтары» Шарты: қыстырғыштармен күнге шуақтарын жасау. - Жарайсыңдар, балалар, сендер сары түстің тапсырмасын орындадыңдар.</p> <p><b>2-тапсырма «Көк түс»</b> Ойын тапсырма: «Өз үйіңді тап» <b>Шарты:</b> Үзік сызықтарды қосып шығу.</p> <p><b>3-тапсырма. «Жасыл түс»</b> Ойын тапсырма: «Ойлан да, тап» <b>Шарты:</b> 4 бөлікке бөлінген сурет қиындыларын біріктіріп, бүтін сурет шығару. - Балалар, 4-тапсырма: «Қызыл түс» -Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде қызыл алманың бейнесін бояуды үйренеміз.Фольга бетіне бейнеленген алма бейнесін қызыл түсті гуашпен бояймыз. Ол үшін бізге қылқалам, бояу қажет болады. Қылқаламды алып, қалай бояйтынымызды көрсетейін. -Қане, балалар мұқият қарап отырыңдар, мен көрсетейін. Қылқаламды суға батырып, керек бояуымызды жағып аламыз да, фольгадағы алманың бейнесін бояймыз. -Алманың түсі қандай? -Қандай тамаша, әдемі бейнеледіңдер, жарайсыңдар!</p> <p><b>Қимылды ойын:«Көңілді түстер»</b> <b>Мақсаты:</b>Жылдамдықты, ептілікті дамыту. <b>Шарты:</b> Қабырғада 4 түсті парақтар жабыстырылған. (Сары, қызыл, жасыл, көк) Бала допты қолына алып, сәйкес түсті парақтың астына ілінген скотчке допты жапсыру керек.</p> <p><b>Қорытындылау:</b> -Балалар, бүгін біз қандай түстермен таныстық? Ненің суретін боядық? -Сендерге бүгінгі оқу іс-әрекетіміз ұнады ма? -Жарайсыңдар, балалар! <b>Мақтау-мадақтау.</b></p>	<p>Сары, жасыл, көк, қызыл</p> <p>Сары, қызыл, жасыл, көк алманың ия</p>
<p><b>Жаңа тақырып бойынша жұмыс</b></p> <p><b>Рефлексия, бекіту</b></p>		

**Исламова Шолпан Амантуровна**

Дефектолог, педагог-модератор

Түркістан облысы білім басқармасының «№5 арнайы мектеп-интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесі



## АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУЫ АӘДІСТЕРІ

**Аннотация** Бұл мақалада арнайы білім беру процесінде оқушылардың сөйлеу тілін дамыту әдістері жан-жақты қарастырылады. Арнайы педагогика саласында сөйлеу тілін дамыту – баланың танымдық қабілеттерін жетілдіру, қарым-қатынас жасау мүмкіндіктерін кеңейту және әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етудің негізгі тетігі. Жұмыста сөйлеу тілі бұзылыстарының негізгі түрлері, олардың оқушылардың оқу-тәрбие процесіне әсері сипатталып, дефектолог мұғалімнің кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар айқындалады. Сонымен қатар, сөйлеу тілін түзету мен дамытудағы дәстүрлі және инновациялық әдістер, логопедиялық жаттығулар, ойын технологиялары, ақпараттық-коммуникациялық құралдардың тиімділігі қарастырылады. Мақалада теориялық негіздермен қатар, тәжірибелік ұсыныстар мен әдістемелік нұсқаулар беріліп, оқушылардың сөйлеу тілін дамытуда ата-ана, мұғалім және дефектолог арасындағы ынтымақтастықтың маңызы ашып көрсетіледі. Арнайы білім беру процесінде сөйлеу тілін дамыту мәселесі – қазіргі педагогика мен психология ғылымының ең өзекті бағыттарының бірі. Себебі сөйлеу тілі – баланың ойлау, танымдық, эмоционалды дамуының негізгі құралы. Сөйлеу тілінде кемшіліктері бар оқушыларда оқу материалын қабылдау, түсіну, жазу және өз ойын жеткізу барысында елеулі қиындықтар байқалады. Мұндай жағдайда арнайы педагог – дефектолог пен логопед мамандарының кәсіби қолдауы ерекше рөл атқарады. Сөйлеу тілі бұзылыстары әртүрлі формада көрінуі мүмкін: фонетикалық-фонематикалық дамудың тежелуі, жалпы сөйлеу тілінің дамуы, тұтықпа, артикуляциялық аппараттағы ақаулар және т.б. Әрбір бұзылыстың өзіндік себептері мен ерекшеліктері бар.

Дефектологтың міндеті – осы бұзылыстарды дер кезінде анықтап, сөйлеу тілін түзетуге бағытталған жүйелі жұмыс жүргізу. Сөйлеу тілін дамыту әдістерінің ішінде ең алдымен логопедиялық жаттығулар кең қолданылады. Олар артикуляциялық аппаратты дамытуға, дыбыстарды дұрыс айтуға, сөздік қорды байытуға бағытталады. Мысалы, тілдің қозғалысын дамытуға арналған жаттығулар («тілді жоғары көтеру», «тілді жию», «тілді алға созу») баланың фонематикалық қабылдауын күшейтеді. Сондай-ақ тыныс алу жаттығулары мен дауыс ырғағын реттеуге арналған әдістер де тиімді нәтиже береді. Ойын әдістері де сөйлеу тілін дамытуда ерекше орын алады. Ойын барысында бала еркін қарым-қатынас жасайды, сөйлеуге деген ынтасы артады. Арнайы ұйымдастырылған рөлдік ойындар, дидактикалық тапсырмалар, суреттер арқылы әңгімелеу әдістері сөйлеу қабілетін белсендіреді. Мысалы, «Суретті әңгімелеу» ойыны арқылы бала өз ойларын реттеп жеткізуге машықтанады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану – қазіргі заман талабы. Интерактивті тақтадағы жаттығулар, сөйлеу тіліне арналған мультимедиялық бағдарламалар оқушылардың қызығушылығын арттырып, сөйлеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Мәселен, дыбысты дұрыс айтуға арналған анимациялық бейнематериалдар балаларға көрнекілік пен есту арқылы қосымша қолдау көрсетеді. Дефектолог мұғалім сөйлеу тілін дамытуда жеке және топтық жұмыстарды үйлестіреді. Жеке сабақтарда әр баланың ерекшелігі ескерілсе, топтық сабақтарда балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасау арқылы сөйлеу белсенділігін арттырады. Сонымен қатар, ата-анамен тығыз байланыс орнату арқылы сөйлеу тілін дамытуға жағдай жасалады. Үй жағдайында ата-ананың күнделікті қарым-қатынасы мен тілдік ортасы баланың дамуына зор ықпал етеді. Сөйлеу тілін дамыту әдістерінің ішінде ерекше назар аударатын бағыттардың бірі – баланың сөздік қорын байыту. Арнайы білім беру процесінде қолданылатын әдістер баланың тілдік тәжірибесін кеңейтуге, жаңа ұғымдарды меңгеруге бағытталады. Сөздік қорды байыту үшін әртүрлі көрнекі құралдар, суреттер, заттық ойын әрекеттері пайдаланылады. Балаларға қоршаған ортадағы құбылыстарды суреттеп айту, өз тәжірибесі туралы әңгімелеу, оқылған мәтін мазмұнын қысқаша баяндау сияқты тапсырмалар беріледі. Бұл әдістер сөйлеу тілін дамытуда үлкен рөл атқарады, себебі бала тек тыңдаушы емес, белсенді сөйлеушіге айналады. Сөйлеу тілін дамытуда грамматикалық құрылымдарды меңгеру де маңызды. Арнайы білім беру жағдайында балалардың грамматикалық нормаларды игеруі қиынға соғады, сондықтан дефектолог әртүрлі жаттығуларды жүйелі қолданады. Мысалы, сөздерді септеу, жіктеу, сөз тіркестерін құрастыру, сөйлем құрау, сөйлемдерді жалғастыру жаттығулары оқушылардың тілдік дағдыларын жетілдіреді. Бұл әдістер арқылы балалардың ойды дұрыс жеткізуі мен тілдік сауаттылығы қалыптасады. Сөйлеу тілін дамыту әдістерінің келесі бағыты – байланыстырып сөйлеуді дамыту. Байланыстырып сөйлеу – баланың өз ойын жүйелі, логикалық, толық жеткізе білу қабілеті. Мұны дамыту үшін арнайы ұйымдастырылған әңгімелер, сурет бойынша әңгімелеу, оқылған ертегі немесе әңгіме мазмұнын айтып беру, шағын шығарма құрастыру жұмыстары қолданылады. Бұл әдістер балаларды сөйлеуге үйретіп қана қоймай, олардың ойлау қабілетін, елестету, қиялдау мүмкіндіктерін де кеңейтеді. Инновациялық әдістер ішінде мультимедиялық жаттығулардың орны ерекше. Мысалы, сөйлеу тілін дамытуға арналған мобильді қосымшалар, онлайн логопедиялық жаттығулар, дыбысты қайталау бағдарламалары балалардың қызығушылығын арттырып, өздігінен жұмыс жасауға ынталандырады. Мұндай әдістер әсіресе үй жағдайында тиімді қолданылады, себебі ата-ана мен бала бірге жұмыс істеп, күнделікті жаттығуларды орындауға мүмкіндік алады. Дефектолог мұғалімнің жұмысы тек әдістерді қолданумен шектелмейді, ол әр баланың сөйлеу тілі дамуын жүйелі бақылап, диагностика жүргізуі қажет. Диагностика арқылы баланың сөйлеу деңгейі анықталып, оған сәйкес жеке бағдарлама жасалады. Бұл бағдарламада нақты мақсаттар, күтілетін нәтижелер және қолданылатын әдіс-тәсілдер белгіленеді. Жүйелі диагностика сөйлеу тілін дамытуда оң нәтижеге жетудің басты шарты болып табылады. Сонымен қатар, сөйлеу тілін дамыту процесінде эмоционалды-психологиялық қолдаудың маңызы зор. Сөйлеуде қиындықтары бар балалар өздерін сенімсіз сезінуі мүмкін, сөйлеуден қашқақтайды, ұялшақтық танытады. Мұндай жағдайда дефектолог баланы қолдап, оның әрбір жетістігін мадақтап, сенімін арттыруы қажет. Қолайлы психологиялық ортада бала сөйлеуден қорықпайды, өз ойын еркін жеткізуге талпынады. Сөйлеу тілін дамытудағы тағы бір тиімді әдіс – шығармашылық әрекеттерді қолдану. Өн айту, өлең оқу, сахналық қойылымдарға қатысу, сурет салу сияқты әрекеттер арқылы балалар өз ойын бейнелеу құралдары арқылы жеткізеді. Бұл олардың сөйлеу белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілетін дамытады. Жалпы білім беретін мектеп жағдайында дефектолог пен пән мұғалімдерінің бірлескен жұмысы да маңызды. Мысалы, әдебиет сабақтарында көркем шығарманы талдау барысында баланың сөйлеу дағдыларын жетілдіруге болады, тарих сабақтарында оқиға туралы мазмұндау жаттығулары жүргізіледі. Мұндай интеграция оқушылардың сөйлеу тілін дамытуда қосымша мүмкіндік береді. Сөйлеу тілін дамыту әдістерінің тағы бір бағыты – топтық жұмыс пен ұжымдық әрекет арқылы сөйлеуді жетілдіру. Арнайы білім беру процесінде балалар бір-бірімен еркін сөйлесіп, пікір алмасуға, бірлескен тапсырмаларды орындауға қатысқанда, олардың тілдік белсенділігі артады. Топтық әңгімелесу, пікірталас элементтері бар ойындар, ортақ шығармашылық

жобалар сәйлеу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Әсіресе ұжымдық әңгімелер балаларды тыңдауға, сұрақ қоюға, жауап беруге үйретеді. Тәрбиеші мен дефектологтың бірлескен жұмысы нәтижесінде оқушылардың сөйлеу дағдылары кешенді түрде дамиды. Дефектолог тілдік қиындықтарды түзетсе, тәрбиеші күнделікті тәрбие процесінде сәйлеу ортасын құрады. Бұл жерде ата-ананың рөлі де ерекше. Үй жағдайында ата-ананың баламен сөйлесу мәдениеті, күнделікті қарым-қатынасындағы тілдік қолдау оқушының сөйлеу белсенділігін арттырады. Сондықтан дефектолог ата-аналармен кеңес өткізіп, сөйлеу тілін дамытудағы әдістемелік нұсқаулар береді. Арнайы білім беру процесінде сөйлеу тілін дамыту әдістері мәдени-ұлттық құндылықтармен де ұштасуы қажет. Қазақтың халық ауыз әдебиеті үлгілері, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер оқушылардың 48 тілдік қорын байытып қана қоймай, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруге мүмкіндік береді. Әсіресе жаңылтпаштар дыбысты дұрыс айтуға жаттықтырудың тиімді құралы болып табылады. Бұл әдістер сөйлеу тілі дамуына ғана емес, баланың дүниетанымына да оң әсер етеді. Сөйлеу тілін дамытуда нәтижеге жету үшін жүйелілік пен сабақтастық қажет. Әрбір сабақ белгілі бір мақсатқа бағыттталып, біртіндеп күрделендірілген тапсырмалар арқылы жүргізіледі. Балаға жеңілден қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай бағытталған әдістер сәйлеу тілінің даму қарқынын күшейтеді. Сөйлеу тілін дамыту нәтижелерін бағалау үшін арнайы диагностикалық әдістемелер қолданылады. Бұл әдістемелер арқылы оқушылардың дыбыстарды дұрыс айту деңгейі, сөздік қоры, сөйлем құрау қабілеті, байланыстырып сөйлеу деңгейі анықталады. Бағалау нәтижелері баланың даму динамикасын бақылауға және алдағы жұмыс жоспарын құруға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, арнайы білім беру процесінде сәйлеу тілін дамыту әдістері әртүрлі бағыттарды қамтиды: логопедиялық жаттығулар, ойын әдістері, шығармашылық әрекеттер, ақпараттық технологияларды қолдану, ұлттық педагогика элементтерін пайдалану. Бұл әдістердің барлығы оқушының тілдік дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, оның тұлғалық және әлеуметтік бейімделуіне ықпал етеді.

#### Қорытынды

Арнайы білім беру процесінде оқушылардың сәйлеу тілін дамыту – кешенді, жүйелі түрде жүргізілуі тиіс маңызды жұмыс. Сөйлеу тіліндегі кемшіліктер баланың жалпы оқу үлгеріміне, қарым-қатынас жасау мүмкіндіктеріне әсер ететіндіктен, оны түзету және дамытуға бағытталған әдістердің тиімді қолданылуы қажет. Дефектолог мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі, инновациялық әдістерді меңгеруі, ата-анамен ынтымақтастығы сөйлеу тілін дамытудағы табыстың басты кепілі болып табылады. Жүйелі жүргізілген логопедиялық және педагогикалық жұмыстар оқушылардың сәйлеу тілін жетілдіріп қана қоймай, олардың әлеуметтік бейімделуіне, тұлғалық дамуына да ықпал етеді. Сондықтан сөйлеу тілін дамыту әдістерін арнайы білім беру процесінде қолдану – қазіргі педагогиканың басты міндеттерінің бірі.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Айтпаева А. Арнайы педагогика негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.
2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 2019.
3. Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы: Білім, 2019.
4. Сухомлинский В.А. Балаларға жүрек жылуы. – М.: Педагогика, 2018.
5. Выготский Л.С. Ой және тіл. – М.: Просвещение, 2017.
6. Момынова Б. Логопедиялық әдістемелер. – Алматы: Рауан, 2021.
7. Жұмабаева Г. Инклюзивті білім берудегі арнайы педагогиканың ерекшеліктері. – Алматы: Қазақ университеті, 2022.
8. Маслоу А. Мотивация және тұлға. – Нью-Йорк: Harper & Row, 2017.
9. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017.
10. Hallahan D.P., Kauffman J.M. Exceptional Learners: Introduction to Special Education.

**Сабыр Назира Аскаровна**

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-модератор  
Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ақтоғай ауданы білім беру бөлімінің  
"Балтасап негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**«ЦИФРЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ АУЫЛ МЕН  
ҚАЛА МЕКТЕБІНДЕГІ АЙЫРМАШЫЛЫҚ»**

**Аннотация.** Бұл мақалада ауыл және қала мектептеріндегі қазақ тілі пәні мұғалімдерінің цифрлық ресурстарды қолдану тәжірибесі салыстырылады. Қала мектептерінде цифрлық құралдардың кеңінен қолданылуы білім сапасын арттыруға ықпал етсе, ауыл мектептерінде интернеттің әлсіздігі мен техникалық мүмкіндіктердің шектеулігі мұғалімдерге кедергі келтіреді. Мақалада осы айырмашылықтардың себептері, салдары және оларды жою жолдары талданады. Автор тиімді цифрлық білім беру үшін ауыл мектептерін қолдаудың маңыздылығын атап өтеді.

**Түйін сөздер:** қазақ тілі, цифрлық ресурстар, ауыл мектебі, қала мектебі, білім беру, интернет, технология, мұғалім тәжірибесі.

XXI ғасыр – ақпараттық технологиялардың дамыған заманы. Әлемдік деңгейде білім беру процесіне цифрлық ресурстарды енгізу кең өріс алды. Қазақстан да бұл бағыттан қалыс қалмады. Әсіресе соңғы жылдары цифрландыру саясаты білім саласында нақты жүзеге асырыла бастады. Цифрлық ресурстар – оқу үдерісін жаңғыртудың басты құралына айналды. Мұғалімдерге сабақтарды қызықты, тиімді әрі заманауи форматта өткізуге мүмкіндік беретін бұл құралдар – бүгінгі таңда білім сапасына тікелей әсер ететін факторлардың бірі.

Мен – ауыл мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретін мұғаліммін. Өз тәжірибемде цифрлық ресурстарды қолдануға тырысқаныммен, қаладағы әріптестеріммен салыстырғанда, белгілі бір шектеулерге жиі тап боламын. Бұл мақалада ауыл мен қала мектептерінің цифрлық мүмкіндіктеріндегі айырмашылықты, өз тәжірибемді, қиындықтар мен жетістіктерді бөліскім келеді.

Қала мектептерінде жұмыс істейтін әріптестерімнің сөзінен-ақ олардың қаншалықты алға озғанын байқаймын. Олар күнделікті сабақта Bilimland, Kahoot, Quizizz, OnlineMekter, Google Classroom, Padlet сияқты платформаларды еркін пайдаланады. Оқушы тапсырманы ұялы телефонмен орындап, нәтижесін бірден жібере алады. Сабақта интерактивті тақтада бейне, аудио материалдар тыңдап, көріп, талдау жасап жатады.

Ал біздің ауылда жағдай басқаша. Мектебімізде интернеттің жылдамдығы баяу, кейде мүлде болмай қалады. Интерактивті тақта біреу ғана, ол да бастауыш сыныптарға берілген. Компьютерлік сынып бар, бірақ техниканың көбісі ескірген. Көп жағдайда оқушылардың өз телефондарында да қажетті қосымшалар орнатуға жады жетпейді немесе интернет қолжетімсіз.

Осындай жағдайда цифрлық ресурстарды қолдану оңай емес. Бірақ соған қарамастан, мүмкіндігінше жаңа технологияларды енгізуге тырысып келемін.

Цифрлық ресурстар – тек ойын немесе бейне емес. Олар – сабақ мазмұнын түсіндіру, бекіту, бағалау мен кері байланыс құралы. Мысалы, 8-сыныпта «Сын есім» тақырыбын өткен кезде LearningApps.org сайтында интерактивті сәйкестік тест жасаған едім. Оқушыларға ұнады, қызығушылықпен орындады. Аяқтаған соң, нәтижелер автоматты түрде көрсетілді. Бұл менің уақытымды үнемдеді әрі балалардың өз қатесін бірден көруіне мүмкіндік берді.

Тағы бір мысал – диктант жазу. Бұрын мен оқып тұрып, оқушылар жазатын. Қазір кейде үй тапсырмасы ретінде онлайн диктант жазуды ұсынамын. Dictant.kz немесе өзім жазып, дыбыс жазбасын жіберемін. Оқушылар жазып, фото немесе Word түрінде кері жібереді. Бұл әдіс жазу дағдысын дамытып қана қоймай, тыңдалым дағдысын да жетілдіреді.

Quizizz платформасында грамматикалық тақырыптар бойынша викториналар жасап отырамын. Әрине, барлығына бірдей қатысу қиын, бірақ үйінде интернеті бар оқушылар қызыға орындайды.

Цифрлық ресурстарды пайдаланудағы басты қиындық – **техникалық мүмкіндіктің шектеулігі**. Мысалы, кейбір сыныптарда тіпті ноутбукпен жұмыс істеуге жағдай жоқ. Телефоны жоқ оқушылар да бар. Бұл – бәріне тең мүмкіндік беру қағидатына қайшы келеді.

Екіншіден, **интернет жылдамдығы** – басты мәселе. Бейнежазбаны көрсету үшін 10–15 минут күтуге тура келеді. Кейде қосымша ашылмай қалады. Мұндайда сабақты басқа әдіске көшіруге мәжбүр боламын.

Үшіншіден, **ата-аналар тарапынан қолдау аз**. Кейбір ата-ана баласына ұялы телефонды мүлде ұстатпайды немесе интернетке ақша жұмсағысы келмейді. Мұндайда мұғалім оқушыларды тендей тарту үшін көп ізденуге мәжбүр болады.

Қала мен ауыл мұғалімінің жағдайы – жер мен көктей. Қалада әдістемелік семинарлар жиі өтеді, біліктілік арттыру курстары онлайн, оффлайн түрде қолжетімді. Ауылда бұл мүмкіндіктер шектеулі. Тек аудан орталығында болса ғана қатысуға болады.

Соған қарамастан, ауыл мұғалімі шыдамды, бейімделгіш. Біз аз ресурспен де көп нәтиже беруге тырысамыз. Қолда бар техниканы ұтымды пайдаланып, жаңа әдістерді іздеп, сабақтың қызықты болуына күш саламыз. Себебі ауыл баласы да сапалы білім алуға лайық.

Қала мектебі – қазіргі заман талабына сай жабдықталған оқу ордасы. Көптеген мектептерде Wi-Fi желісі тұрақты жұмыс істейді, әр кабинетте интерактивті тақта, проектор немесе заманауи экран орнатылған. Оқушылардың көбі смартфон ұстайды, гаджеттер мен планшеттерді сабақ барысында еркін пайдалана алады. Бұл цифрлық ресурстарды қолдануға қолайлы жағдай туғызады.

Мұғалімдер үшін де мүмкіндіктер мол. Қала мұғалімдері жиі семинар, тренинг, воркшоптарға қатысып, цифрлық платформаларды қолдану дағдыларын жетілдіріп отырады. Сонымен қатар, қалалық білім бөлімдері жүйелі түрде ІТ саласына қатысты курстар мен вебинарлар ұйымдастырады. Мұндай қолдау қазақ тілі пәні мұғалімінің де сабақты түрлендіруіне сеп болады.

#### Қала мен ауыл арасындағы сараптамалық салыстыру

Көрсеткіш	Қала мектебі	Ауыл мектебі
Интернет қолжетімділігі	Тұрақты, жоғары жылдамдық	Төмен, жиі үзіліс болады
Техникалық база	Жаңа техника, әр кабинетте жабдықтар	Шектеулі, кейде ескі құралдар
Мұғалім біліктілігі	Жиі курстар өтеді, қолжетімді	Курстар сирек, барлығы қатыса алмайды
Оқушының құрылғысы	Көпшілігінде смартфон, планшет бар	Телефоны жоқ немесе әлсіз құрылғы көп
Цифрлық ресурстарды қолдану	Сабақтың негізгі бөлігі	Қосымша немесе қолдануға шектеу бар

Білім берудегі теңсіздікті жою үшін мынадай ұсыныстарымды білдіремін:

1. Ауыл мектептерін техникалық құралдармен жабдықтау – бұл ең бірінші қажеттілік.
2. Интернет сапасын арттыру – барлық оқу процесінің негізі.
3. Офлайн жұмыс істейтін цифрлық ресурстар әзірлеу қажет.
4. Мұғалімдерге арналған онлайн курстар ауылдық форматқа икемделуі тиіс.
5. Цифрлық сауаттылықты арттыруға бағытталған қолжетімді тренингтер

ұйымдастырылуы керек.

Цифрлық білім беру – тек технология емес, ол – көзқарас. Егер біз ауыл мұғалімі мен оқушысына тиісті жағдай жасасақ, кез келген ауыл мектебі де үздік білім ордасына айнала алады.

Қазақ тілі – ұлттың жаны. Бұл пәнді заманауи әдістермен оқыту – оқушылардың тілге деген сүйіспеншілігін арттырудың бір жолы. Цифрлық ресурстар сол мақсатқа жетудің тиімді құралы бола алады. Ауыл мен қала арасындағы цифрлық алшақтықты жою – тек мұғалімнің емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Өз тәжірибемнен түйгенім – ынта мен ниет болса, кез келген қиындықты жеңуге болады. Ал егер ауыл мектебі қажетті құралмен толық қамтамасыз етілсе, онда біз де цифрлық білім берудің алдыңғы қатарында бола аламыз.

Қорыта келгенде, цифрлық ресурстарды білім беру процесінде қолдану – бүгінгі күннің басты талабы. Бұл әсіресе қазақ тілі пәні секілді тілдік қабілеттерді дамытуды көздейтін бағытта өте өзекті. Цифрлық технологиялар сабақтың мазмұнын байытып қана қоймай, оқушылардың қызығушылығын оятып, оларды белсенді оқуға, өздігінен ізденуге ынталандырады. Сонымен қатар, бағалау мен кері байланыстың жылдам әрі тиімді жүруіне мүмкіндік береді.

Алайда, ауыл мен қала мектептерінің цифрлық ресурстарды пайдалану деңгейі арасында елеулі айырмашылықтар бар екені жасырын емес. Қала мектептері жаңа технологияларды игеруде алға озып, сан түрлі платформа мен әдістерді еркін қолдануда. Олардың материалдық-техникалық базасы, интернет қолжетімділігі, оқушылар мен мұғалімдердің цифрлық сауаттылығы да жоғары. Мұндай ортада қазақ тілі сабағы тек білім беру емес, шығармашылық пен цифрлық дағдыларды дамытудың алаңына айналуға.

Ал ауыл мектептерінде жағдай өзгеше. Техникалық жабдықтар шектеулі, интернет желісі тұрақсыз, кейбір оқушылардың құрылғылары жоқ немесе сапасыз. Мұғалімдер өздігінен ізденіп, аз ресурспен де сапалы сабақ өткізуге тырысып жүргенімен, бұл – үлкен қажыр мен күшті талап ететін үдеріс. Ауылдағы мұғалімдер жиі «шығармашылықпен аман қалуға» мәжбүр. Бұл теңсіздік – ел ішіндегі білім беру сапасына да әсер ететіні анық.

Мен ауыл мектебінде жұмыс істейтін қазақ тілі пәні мұғалімі ретінде күнделікті тәжірибемде осы айырмашылықтың барлық салдарын көріп отырмын. Цифрлық платформаларды қолданып, оқушыларға онлайн диктант, викторина, презентация жасау мүмкіндігін бергім келеді. Алайда кейбіреулері интернетке қосыла алмай, тапсырманы орындай алмай қалады. Бұл жағдайда барлығына тең мүмкіндік беруді басты мақсат ретінде ұстанамын.

Мақаланың жазылу барысында қала мектебіндегі әріптестерімнің тәжірибесіне де сүйендім. Олардың қолындағы мүмкіндіктер мен әдістемелік құралдар көп екеніне көз жеткіздім. Мұндай тәжірибені ауылға бейімдеп, ортақ білім алаңына айналдыру – бүгінгі күннің басты мақсаты болуы тиіс.

**Цифрлық теңсіздікті жою үшін мынадай нақты қадамдар қажет:**

- Ауыл мектептерін интернетпен, заманауи техникамен толық жабдықтау;
- Мұғалімдерге цифрлық сауаттылық бойынша үздіксіз қолжетімді курстар ұйымдастыру;
- Қала мен ауыл мұғалімдері арасында тәжірибе алмасу алаңдарын көбейту;
- Цифрлық ресурстардың офлайн нұсқаларын жасау;
- Ауыл ұстаздарын моральдық және материалдық тұрғыда қолдау.

Осы ұсыныстар жүзеге асырылса, қала мен ауыл арасындағы алшақтық біртіндеп азайып, барлық оқушыға сапалы әрі заманауи білім алу мүмкіндігі жасалар еді. Себебі технология – тек құрылғы емес, ол – **оқыту мәдениетін өзгертетін құрал**. Ал бұл құралды дұрыс пайдалану үшін – ниет, қолдау және мүмкіндік қажет.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. (2020). *Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша әдістемелік нұсқаулық*. – НЗМ ДББҰ, Астана.
2. Жұмабаева, Г. Қ. (2021). Цифрлық технологияларды қазақ тілі сабағында қолдану. «Білім берудегі жаңашылдық» республикалық әдістемелік журналы, №5, 12–15-бб.
3. БілімLand цифрлық білім беру платформасы – <https://bilimland.kz>
4. Айтбаева, З. Ә. (2022). Қазақ тілі сабағында цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану жолдары. *Қазақ тілі мен әдебиеті* журналы, №3, 26–30-бб.

### **«ОПЫТ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЦИФРОВЫХ РЕСУРСОВ: РАЗЛИЧИЯ МЕЖДУ СЕЛЬСКИМИ И ГОРОДСКИМИ ШКОЛАМИ»**

**Аннотация.** В данной статье проводится сравнительный анализ использования цифровых ресурсов учителями казахского языка в сельских и городских школах. В то время как в городских школах цифровые инструменты активно применяются и способствуют повышению качества образования, в сельских школах слабый интернет и ограниченные технические возможности создают препятствия для учителей. В статье рассматриваются причины и последствия этих различий, а также предлагаются пути их преодоления. Автор подчеркивает важность поддержки сельских школ для эффективного цифрового обучения.

**Ключевые слова:** казахский язык, цифровые ресурсы, сельская школа, городская школа, образование, интернет, технологии, педагогический опыт.

### **“DIFFERENCES IN THE EXPERIENCE OF USING DIGITAL RESOURCES IN RURAL AND URBAN SCHOOLS”**

#### **Abstract.**

This article compares the experience of Kazakh language teachers in rural and urban schools regarding the use of digital resources. In urban schools, the wide use of digital tools contributes to improving the quality of education, whereas in rural schools weak internet connectivity and limited technical capabilities create obstacles for teachers. The article analyzes the causes and consequences of these differences, as well as strategies to overcome them. The author emphasizes the importance of supporting rural schools to ensure effective digital education.

**Keywords:** Kazakh language, digital resources, rural school, urban school, education, internet, technology, teaching experience.

### Рустамова Динара Алтыбаевна

Мектепалды сынып мұғалімі, педагог-модератор

Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің  
«№18 жалпы білім беретін мектеп» КММ



## "МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ (ЖИ) КӨМЕГІМЕН ДАМУЫ"

Қазіргі білім беру саласы цифрлық технологиялармен тығыз байланысты. Соның ішінде жасанды интеллект (ЖИ) — мектепалды сыныбындағы балалардың дамуына серпін беретін маңызды құралға айналды. Жасанды интеллект – мектепалды балаларға заманауи, қызықты әрі тиімді білім берудің құралы. Ол балалардың жан-жақты дамуына, шығармашылықпен ойлауына, және мектепке дайын болуына үлкен әсер етеді. Мұғалім мен ЖИ бірлескен жұмысы — болашаққа бағытталған білім берудің жарқын үлгісі.

Мектепалды сынып оқушыларын оқытуда төмендегідей мүмкіндіктерді пайдалануға болады;

#### 1. Жекелей оқыту мүмкіндігі

ЖИ әр баланың оқу қарқыны мен деңгейіне қарай тапсырмалар ұсына алады. Бұл баланың жас ерекшелігі мен қабылдау қабілетіне сай білім алуына жол ашады.

#### 2. Қызығушылықты арттыру

Сабақтар ойын, сурет, әуен, бейне арқылы өтетіндіктен, балалардың назарын тез тартып, оларды белсенді етеді.

#### 3. Шығармашылық қабілетті дамыту

ЖИ сурет салдыру, ертегі ойлап табу, пішіндер құрастыру секілді тапсырмалармен баланың қиялын дамытады.

#### 4. Уақыт пен ресурсты үнемдеу

Тәрбиешілер ЖИ арқылы дайын слайдтар, тапсырмалар, жаттығулар алып, уақытты тиімді пайдаланады.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект арқылы сабақ өткізу — мектепалды сынып оқушыларына заманауи білім берудің тиімді жолы. Бұл тәсіл баланы шынайы өмірмен байланыстырып, ойлау, сөйлеу, шешім қабылдау қабілеттерін ерте жастан дамытуға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект – тәрбиеші мен баланың арасындағы жаңа дидактикалық көпір. Ол арқылы баланы қызықтыра отырып, күнделікті өмірмен сабақтастыруға, баланың ішкі әлеуетін ашуға жол ашылады. Ең бастысы – баланың дамуынан қалыспай, заманмен бірге қадам басу.



**Оразова Слухан Аленовна**

Мектепалды сынып жетекшісі, педагог-сарапшы  
Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімнің  
«№18 жалпы білім беретін мектеп» КММ

**«ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ АРҚЫЛЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ СІңІРУ ЖӘНЕ ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫСТЫ ДАМУ»**

**Аннотация.** Бұл педагогикалық идеяның мақсаты – қазақтың ұлттық ойындары (асық, ләңгі, ақсерек-көксерек) арқылы оқушыларға ұлттық құндылықтарды сіңірумен қатар, олардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру. Ұлттық ойындарды сабақ үрдісіне енгізу оқушылардың қызығушылығын оятып, бір жағынан денсаулығын нығайтса, екінші жағынан ұжымдық жұмысқа, әділдікке, ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Сонымен қатар, бұл әдіс оқушының ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігін арттырады.

**Өзектілігі.** Қазіргі заман білім беру жүйесінде оқушылардың тек теориялық білімін ғана емес, сонымен қатар денсаулығын нығайту, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігін арттыру маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Қазақтың ұлттық ойындары — ата-бабамыздан қалған құнды мұра, олар жас ұрпақтың қозғалыс белсенділігін дамытып қана қоймай, әділдікке, ұйымшылдыққа, батылдыққа тәрбиелейді. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық ойындарды сабақ үрдісіне енгізу – оқушы тұлғасын жан-жақты дамытуға мүмкіндік беретін өзекті бағыт.

**Мақсаты:** Қазақтың ұлттық ойындары арқылы оқушылардың қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту, ұлттық құндылықтарды сіңіру және тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

1. Оқушыларды қазақтың ұлттық ойын түрлерімен (асық, ләңгі, ақсерек-көксерек және т.б.) таныстыру.
2. Ұлттық ойындарды сабақта қолдану арқылы оқушылардың дене қимылдарын жетілдіру.
3. Ойын барысында әділдікке, ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.
4. Ұлттық мәдениетке деген қызығушылықты арттыру, тарихи мұраға құрметпен қарауға үйрету.
5. Сабақ процесін қызықты әрі әсерлі ету арқылы оқушылардың белсенділігін арттыру.

**Кіріспе**

Қазақ халқының ұлттық ойындары – ұрпақ тәрбиесінің ажырамас бөлігі. Ата-бабамыздан келе жатқан бұл ойындар тек көңіл көтеру үшін ғана емес, сонымен бірге жас жеткіншектердің ой-өрісін, қимыл-қозғалысын, дене шынығуын дамытуға бағытталған. Ұлттық ойындар баланың бойына мейірім, әділдік, ұйымшылдық сияқты құндылықтарды сіңіріп, оны қоғамға бейімдеуде маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда білім беру жүйесінде ұлттық ойындарды сабақ барысында пайдалану арқылы оқушылардың жан-жақты дамуына жағдай жасау аса

өзекті болып отыр. Әсіресе асық, ләңгі, ақсерек-көксерек сынды ойындар балалардың қимыл белсенділігін арттырып қана қоймай, ұлттық рухты нығайтады.

Ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні зор. Мәселен, асық ойыны арқылы оқушылар дәлдікке, ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиеленеді. Бұл ойын балалардың көзбен шамалау қабілетін, қимыл үйлесімділігін дамытады. Ләңгі ойыны болса аяқтың икемділігін, шапшаңдығын жетілдіріп, дене қозғалысының үйлесімділігін арттырады. Ал ақсерек-көксерек ойыны топтық қарым-қатынасты нығайтып, ұйымшылдыққа, батылдыққа және өзара көмек көрсетуге баулиды.

Осы ойындарды сабақ барысында қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, белсенділігін күшейтеді. Әсіресе дене шынықтыру сабақтарында ғана емес, тәрбие сағаттарында немесе пәнаралық сабақтарда қолдану арқылы ұлттық құндылықтарды кеңінен насихаттауға мүмкіндік туады. Ұлттық ойындардың басты ерекшелігі – баланы табиғи жолмен тәрбиелеуі. Ойын барысында бала өзі байқамай қимыл-қозғалыс жасап, жаңа дағдыларды меңгереді. Сонымен қатар ол ұлттық дәстүр мен мәдениетті құрметтеуді үйренеді.

Осылайша ұлттық ойындар оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етіп, олардың денсаулығын нығайтуға, рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға және ата-баба мұрасына деген сүйіспеншілігін арттыруға септігін тигізеді.

### **Қорытынды**

Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттық ойындарын бастауыш сыныптағы математика сабақтарына кіріктіру оқушылардың ойлау қабілетін, қимыл-қозғалысын және ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттырады. Математикалық білімді өмірлік жағдаяттармен байланыстыру арқылы оқушының қызығушылығы артып, білім сапасы көтеріледі. Ұлттық ойындар — тек қимыл-әрекет емес, ол – тәрбие құралы, мәдени мұра және оқушы бойына отансүйгіштік сезімін сіңірудің тиімді тәсілі. Демек, математика пәнінде дәстүрлі элементтерді қолдану оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Әбдіғалиева, Г. «Ұлттық ойындарды бастауыш мектепте пайдалану ерекшеліктері» // Бастауыш мектеп. – 2021. – №3. – 15–18 б.
2. Жанпейісова, М. «Математика сабақтарында инновациялық әдістерді қолдану» // Қазақстан мектебі. – 2020. – №5. – 42–47 б.
3. Сейтқазы, Р. «Ұлттық тәрбие және ойын технологиясы» // Педагогика және психология. – 2022. – №2. – 56–60 б.
4. Toktarbayev, A. «Integrating Kazakh Traditional Games into Primary Mathematics Education» // Journal of Educational Studies. – 2021. – Vol. 14(2). – 73–79 p.
5. Мұханбетова, Л. «Қазақтың халықтық педагогикасы және заманауи білім беру» // Халықаралық педагогикалық зерттеулер журналы. – 2023. – №4. – 88–93 б.

## **«ФОРМИРОВАНИЕ ЦЕННОСТЕЙ И РАЗВИТИЕ ДВИГАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ ЧЕРЕЗ КАЗАХСКИЕ НАЦИОНАЛЬНЫЕ ИГРЫ»**

### **Аннотация**

Цель данной педагогической идеи – через использование казахских национальных игр (асық, лянги, ақсерек-көксерек) не только передать учащимся национальные ценности, но и развить их двигательную активность. Включение народных игр в учебный процесс повышает интерес учеников, укрепляет здоровье, воспитывает коллективизм, справедливость и сплоченность. Данный подход способствует формированию у обучающихся любви к национальной культуре.

**Ешниязова Толқунжан Семединовна**  
 Мектепалды сынып мұғалімі, педагог-модератор  
 Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің  
 «№18 жалпы білім беретін мектеп» КММ



## «ИНТЕРАКТИВТІ ДӘПТЕР ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІГІН АРТТЫРУ»

### **Аңдатпа**

«Интерактивті дәптер әдісі арқылы оқушының оқу жетістігін арттыру» жобасының мақсаты – оқушылардың білімін тереңдету, олардың танымдық белсенділігін арттыру және шығармашылық ойлау қабілетін дамыту. Жоба аясында интерактивті дәптерлерді пайдалану арқылы оқушылардың сабаққа қатысуы, тақырыпты түсінуі және өзіндік жұмыс дағдылары жақсарады. Әдіс оқушылардың оқу материалымен өзара әрекеттесуін жеңілдетеді, оқу процесін қызықты әрі нәтижелі етеді.

### **Өзектілігі:**

Қазіргі білім беру процесінде оқушылардың белсенділігін арттыру, өз бетінше оқу дағдыларын дамыту және сабаққа қызығушылығын қолдау маңызды. Дәстүрлі дәптерлер көбінесе пассивтік оқуға бағытталған, ал интерактивті дәптер әдісі оқушыны материалмен белсенді өзара әрекеттесуге ынталандырады. Бұл әдіс оқу жетістігін арттыруға, білімді терең түсінуге және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

### **Мақсаты:**

Оқушылардың оқу жетістігін арттыру, олардың танымдық белсенділігін дамыту және шығармашылық ойлау қабілетін қолдау арқылы білім беру сапасын жақсарту.

### **Міндеттері:**

- Оқушылардың сабаққа қатысуын белсенді ету;
- Интерактивті дәптер арқылы оқу материалын тиімді меңгеруге үйрету;
- Өздік жұмыс дағдыларын дамыту;
- Сабаққа қызығушылықты арттыру және шығармашылық қабілеттерін шыңдау;
- Бағалау процесінде оқушылардың өз жетістіктерін бақылауын қамтамасыз ету.

### **Кіріспе**

Қазіргі заманғы білім беру процесі – бұл тек білім берумен шектелмейтін, сонымен қатар оқушының жеке тұлғалық дамуына, шығармашылық және танымдық қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған кешенді жүйе. Білім беру саласындағы соңғы жылдары байқалып отырған басты тенденциялардың бірі – оқушылардың белсенділігін арттыру, олардың өздік жұмыс жасау дағдыларын дамыту және сабаққа қызығушылығын қолдау болып табылады. Мұндай бағыт дәстүрлі оқыту әдістерін жетілдіру қажеттілігін туындатады. Дәстүрлі дәптерлер мен жазбаша жұмыстар көбінесе пассивтік оқуға негізделген, яғни оқушы тек берілген ақпаратты қабылдайды, оны өз тәжірибесінде пайдалана алмайды. Бұл өз кезегінде

білім сапасының төмендеуіне, оқушының пәнге деген қызығушылығының азаюына әкелуі мүмкін.

Осы контексте, интерактивті дәптер әдісі ерекше өзектілікке ие болып отыр. Интерактивті дәптер – бұл тек жазбаша тапсырмаларды орындау құралы ғана емес, сонымен қатар оқушы мен оқу материалы арасындағы белсенді өзара әрекетті қамтамасыз ететін құрал. Ол сабақ материалын жүйелі түрде түсінуге, негізгі ұғымдарды салыстыруға, талдауға және қорытынды шығаруға мүмкіндік береді. Бұл әдіс оқушының ақпаратты пассив қабылдаудан белсенді меңгеруге көшуіне жағдай жасайды, өздігінен іздену қабілетін дамытады, логикалық ойлау мен шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді.

Оқушылардың оқу жетістігін арттыру, олардың танымдық белсенділігін көтеру және шығармашылық ойлауын дамыту қазіргі педагогикалық ғылым мен практиканың басты міндеттерінің бірі болып отыр. Зерттеушілердің пікірінше, оқу процесіне жаңа технологияларды, оның ішінде интерактивті әдістерді енгізу білім беру сапасын арттыруға, оқушының пәнге деген қызығушылығын күшейтуге және сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Интерактивті дәптер әдісі осы мақсатқа жетуде маңызды рөл атқарады, себебі ол оқушыны тек берілген ақпаратты жазуға ғана емес, сонымен бірге оны талдауға, салыстыруға, иллюстрация арқылы көрсетуге және өз пікірін қалыптастыруға ынталандырады.

Сонымен қатар, интерактивті дәптер әдісі оқытушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға, бағалау процесінде оқушының өз жетістіктерін бақылауына мүмкіндік береді. Бұл әдіс сабақтарды қызықты әрі тиімді өткізуге жағдай жасайды, сондай-ақ оқушылардың логикалық ойлау, шығармашылық қабілет, өзін-өзі бағалау және коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған кешенді жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді.

Сондықтан, интерактивті дәптер әдісін қолдану білім беру процесіндегі өзекті мәселелерді шешуге, оқушылардың оқу жетістігін арттыруға және олардың танымдық белсенділігін дамытуға тиімді жол болып табылады. Бұл әдіс оқушының жеке қабілеттерін ашуға, оқу процесін белсенді және қызықты етуге, сонымен қатар білім берудің сапасын арттыруға бағытталған кешенді педагогикалық шешім болып табылады.

#### **Қорытынды:**

«Интерактивті дәптер әдісі арқылы оқушының оқу жетістігін арттыру» педагогикалық идеясы қазіргі заманғы білім беру процесіндегі өзектілігін толық көрсетеді. Зерттеу нәтижелері мен тәжірибе көрсеткендей, интерактивті дәптерді қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады, жаңа ақпаратты өз бетімен меңгеруге, талдауға және жүйелеуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс оқушылардың сабаққа қызығушылығын күшейтіп, шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, интерактивті дәптер оқушылардың өздік бақылау жасауына және өз жетістіктерін бағалауына мүмкіндік беретін құрал ретінде маңызды рөл атқарады.

Интерактивті дәптер әдісі сабақтың сапасын жақсартып қана қоймай, оқушыны белсенді, жауапты, шығармашылыққа бейім тұлға ретінде қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл әдісті қолдану бастауыш сыныптарда әсіресе тиімді, себебі оқушылардың оқу дағдылары мен танымдық қабілеттері осы кезеңде белсенді дамиды.

#### **Ұсыныстар:**

- Интерактивті дәптер әдісін барлық сабақтарда жүйелі түрде қолдану арқылы оқушының белсенділігін тұрақты түрде арттыру.
- Мұғалімдерге интерактивті дәптерді тиімді қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулықтарды әзірлеу және тәжірибе алмасу.
- Оқушылардың өздік жұмысын қолдау мақсатында дәптерге қосымша шығармашылық тапсырмалар, иллюстрациялар және жобалық жұмыстар енгізу.
- Бағалау процесінде интерактивті дәптерді қолдану арқылы оқушылардың өзін-өзі бақылау және бағалау дағдыларын дамыту.

- Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру үшін интерактивті дәптерде ойындық, зерттеу және топтық тапсырмаларды пайдалану.
- Әдістемелік жұмыстар мен сабақ жоспарын дайындауда интерактивті дәптерді жаңа технологиялармен біріктіру (аудио, бейне, слайдтар) арқылы сабақ тиімділігін арттыру.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Құдиярова, Г. А. (2019). Интерактивті оқыту әдістері: теориясы мен практикасы. Алматы: Білім, 2019. – 215 б.()
2. Әбдіғалиева, А. М., & Тұрсынова, Ж. С. (2020). Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттыру жолдары. Астана: Ұлағат, 2020. – 180 б.()
3. Сейітқазина, М. К. (2018). Оқу үдерісінде шығармашылықты дамыту. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2018. – 150 б.()
4. Нұрғалиева, А. Т. (2021). Интерактивті әдістерді қолдану арқылы оқушының оқу жетістігін арттыру. Алматы: Мектеп, 2021. – 200 б.()
5. Жұмабекова, Б. Қ. (2017). Бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістігін бағалау әдістемесі. Шымкент: Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, 2017. – 170 б.()
6. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқу бағдарламасы. (2018). Астана: Білім және ғылым министрлігі, 2018. – 120 б.()
7. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік стандарттары. (2019). Алматы: ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2019. – 250 б.()
8. Педагогикалық зерттеулер: теория және тәжірибе. (2020). Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 300 б.()
9. Шарипова, Г. Т. (2016). Интерактивті әдістерді бастауыш сыныпта қолдану тәжірибесі. Алматы: Мектеп, 2016. – 140 б.()
10. Қазақстан Республикасының бастауыш білім беру стандарты. (2017). Астана: ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2017. – 220 б.()

## «ПОВЫШЕНИЕ УЧЕБНЫХ ДОСТИЖЕНИЙ УЧАЩИХСЯ С ПОМОЩЬЮ МЕТОДА ИНТЕРАКТИВНОЙ ТЕТРАДИ»

### Аннотация

Цель проекта «Повышение учебных достижений учащихся с помощью интерактивной тетради» – углубление знаний учащихся, повышение их познавательной активности и развитие творческого мышления. Использование интерактивных тетрадей способствует активному участию учеников на уроке, лучшему усвоению материала и формированию навыков самостоятельной работы. Метод облегчает взаимодействие учащихся с учебным материалом и делает процесс обучения более интересным и результативным.

## “IMPROVING STUDENT ACADEMIC ACHIEVEMENT THROUGH THE INTERACTIVE NOTEBOOK METHOD”

### Annotation

The purpose of the project «Improving Students' Academic Achievement through the Interactive Notebook Method» is to deepen students' knowledge, enhance their cognitive activity, and develop creative thinking skills. Using interactive notebooks helps students actively participate in lessons, better understand the subject matter, and improve independent work skills. This method facilitates students' interaction with learning materials, making the educational process more engaging and effective.

**Кәмалова Жансая Булатқанқызы**

Тәрбиеші

ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің  
«Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК  
ШҚО Күршім ауданы Күршім ауылы

**«ҒАЖАЙЫП МАТЕМАТИКА»**

Еденде ұйымдастырылған іс-әрекет

**Мақсаты:**

- жазық геометриялық фигураларды: дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрышты ажырата және атай білу қабілетін жетілдіру.
- 5 ке дейін санау қабілетін дамыту, "Қанша?" деген сұраққа дұрыс жауап беру;
- нейро жаттығу жасау арқылы балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту;
- Дьенеш блогтары арқылы балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын қарапайым математикалық түсініктерін дамыту;
- достық пен сыйластыққа тәрбелеу.

**Барысы:**

Орман бейнесі бейнеленген залға балалар кіреді. Орманда жүріп қайтар жолды таба алмай адасып кетеді.

- Қайтар жолды қалай табамыз?
- Келген ізіміз жатыр сонымен жүріп көрейік.

**1 тапсырма.** Балалар ізбен орман ішінде келе жатқанда алдарынан жемістер мен көкөністер шашылып жатқан бауды көреді. Бұл жерде балаларға себеттерге жемістерді жинау керек болады. 1 саны жазылған себетке 1 жеміс, 3 саны жазылған себетке 3 жемістен.

Осылайша балалар екі топқа бөлініп тапсырманы орындайды.





- әрі қарай ізбен жүреміз. Бізге өзеннің арғы жақ жағасына өту керек.

**2 тапсырма.** Өзенде геометриялық пішіндерге ұқсас тастар бар екен солардан секіріп пішінін айтып өтеміз. Бұл жерде балаларға карточка беріледі. Кімге қандай пішін түседі сондай пішіннен ғана секіреміз.



**3 тапсырма.** Ізімізбен әрі-қарай жүреміз. Тағы бір кедергіге тап болдық. Нейро жаттығулардан секіріп саусақтарымызды жаттықтырып өтеміз. Кедергіден өттік.

**4 тапсырма. Күшікке көмектесу.** Дьнеш блоктары арқылы күшік бейнесін жасау. Тосын сәт күшікті жолықтырамыз. Оған көмек керек екен. Дьнеш блоктарының карточкалары таратылып беріледі. Кімге қандай пішін түсті, балалар карточкадағы белгілер арқылы геометриялық пішінді табады. Сол пішіндерден күшік құрастырамыз. Күшік рахметін айтып бізге жол көрсетеді. Сол жолмен тобымызға ораламыз.



Қорытынды сұрақтар қою арқылы іс-әрекетті қорытындылау.  
Балалардың жауабы.

**Садуакасова Райхан Нуршадиновна**  
Бастауыш пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші  
№21 орта мектебі  
Қызылорда облысы, Арал ауданы



## **МУЛЬТФИЛЬМДЕР МЕН АНИМАЦИЯЛАРДЫ САБАҚТА ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ДАМУЫ МЕН ТҮСІНУ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ**

### **Өзектілігі:**

Бастауыш сынып оқушылары – эмоциясы бай, қиялы дамыған тұлғалар. Олар визуалды және бейнелі материалдарды жеңіл қабылдайды. Дәстүрлі әдістер көбіне баланың ішкі дүниесіне әсер етуде әлсіз болып келеді. Ал мультфильмдер мен анимация арқылы оқушы кейіпкермен бірге күліп, қайғырып, шешім қабылдауға тырысады. Бұл әдіс олардың эмоционалдық интеллектісін, қоршаған ортаға деген жанашырлығын, түсіну қабілетін дамытады.

### **Мақсаты:**

Сабақта анимациялық ресурстарды тиімді пайдалану арқылы оқушылардың эмоцияны тану, сезінуге қабілетті болу, қоғамдық нормаларды түсіну және басқа адамдардың көзқарасын ескере білу дағдыларын қалыптастыру.

### **Міндеттері:**

1. Әр пәнге сәйкес мазмұнды анимациялық ресурстар іріктеу;
2. Мультфильм көрер алдында, кезінде және соңында талқылау, сұрақ-жауап, рефлексия әдістерін қолдану;
3. Оқушылардың мінез-құлық, жанашырлық, шешім қабылдау, түсіну қабілетін дамытуға ықпал ету;
4. Сабақ мазмұнын баланың ішкі әлемімен байланыстыру.

### **Кіріспе**

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі оқушылардың тек академиялық білімін ғана емес, сонымен қатар олардың тұлғалық және эмоционалдық дамуын да басты назарда ұстауды талап етеді. Әсіресе бастауыш сынып оқушылары үшін оқу материалының мазмұнына қоса, оның берілу тәсілі де аса маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты баланың ішкі әлеміне әсер ете алатын, қызығушылығын оята алатын, әрі күрделі ұғымдарды жеңіл қабылдауға көмектесетін мультфильмдер мен анимацияларды сабақ үдерісіне енгізу – өзекті бағыттардың бірі болып отыр.

Мультфильм – баланың танымдық, тілдік, эмоциялық, әлеуметтік дамуына ықпал ете алатын қуатты құрал. Бастауыш сынып жасындағы оқушылар көбіне визуалды бейнелер арқылы жақсы қабылдайды, ал сүйікті кейіпкерлер арқылы берілетін тәрбиелік, танымдық мазмұн олардың жадында ұзақ сақталады. Эмоцияларды тану, өз сезімін басқару, өзгелердің көзқарасын түсіну – бұл өмірлік маңызды дағдылар, ал оларды қалыптастыруда мультфильмдердің орны ерекше.

Мультфильмдер мен анимацияларды сабақта тиімді қолдану үшін арнайы әдістер мен тәсілдерді пайдалану арқылы оқушылардың эмоционалдық дамуы мен түсіну қабілетін айтарлықтай арттыруға болады. Төменде бірнеше тиімді әдістерді ұсынамын:

1. Рефлексиялық талдау әдісі

Қалай қолдануға болады:

Сабақ соңында оқушылардан мультфильм кейіпкерлерінің әрекеттеріне баға беруін, олардың қандай сезімде болғанын талқылауын сұрау.

Нәтиже: Оқушылардың эмоцияны түсінуі, өзін сол жағдайға қоя білуі (эмпатия) дамиды.

2. Рөлдік ойын (драма элементтерімен)

Қалай қолдануға болады:

Мультфильм сюжеті бойынша оқушыларға рөл бөліп, сахналату.

Нәтиже: Балалар сезімдерін еркін білдіреді, өзара түсінісу және пікір айту дағдылары дамиды.

3. Сұрақ-жауап және пікірталас әдісі

Қалай қолдануға болады:

Мультфильмнен кейін “Егер сен сол кейіпкер болсаң, не істер едің?”, “Бұл шешім дұрыс па?” деген сұрақтар қою.

Нәтиже: Баланың сыни ойлау қабілеті мен эмоцияны тану дағдысы дамиды.

4. Шығармашылық тапсырмалар (сурет салу, комикс жасау)

Қалай қолдануға болады:

Оқушылар мультфильмдегі оқиғаға байланысты өз суретін салып, оны түсіндіреді.

Нәтиже: Балалар өз сезімін бейнелеу арқылы ішкі күйін түсінеді, шығармашылық дамиды.

5. Кейіпкер күнделігін жазу әдісі

Қалай қолдануға болады:

Оқушы мультфильмдегі бір кейіпкердің атынан күнделік жазады.

Нәтиже: Эмпатиялық түсіну, эмоцияны сипаттау, тіл байлығын жетілдіру.

6. Музыкамен бірге эмоциялық талдау

Қалай қолдануға болады:

Мультфильмдегі музыкалық фон немесе дыбыстардың әсерін талқылау.

Нәтиже: Балалар эмоцияны музыка арқылы да тануды үйренеді, сезімін танытады.

7. Топтық жұмыс және бірлескен жобалар

Қалай қолдануға болады:

Оқушылар шағын топтарға бөлініп, мультфильмге альтернативті аяқталу нұсқасын құрастырады.

Нәтиже: Коммуникация, эмоционалдық пікір алмасу, бір-бірін тыңдау мәдениеті дамиды.

### Қорытынды

Мультфильмдер мен анимациялық материалдарды сабақта қолдану бастауыш сынып оқушыларының эмоционалдық дамуы мен ойлау қабілеттерін арттыруда тиімді құрал бола алады. Сабақ барысында визуалды әрі қызықты материалдарды пайдалану оқушылардың назарын шоғырландырып, олардың ішкі эмоцияларын танып, сезінуіне жол ашады. Сонымен қатар, кейіпкерлердің әрекеттеріне баға беру, оқиғаны қайта баяндау, өзін сол жағдайға қою арқылы балалардың эмпатия, жанашырлық, мейірімділік секілді адами құндылықтары дамиды.

Тәжірибе көрсеткендей, анимация элементтері бар сабақтар оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, оларды белсенді ойлануға, пікір айтуға, өзіндік көзқарас қалыптастыруға жетелейді. Сондықтан мультфильмдерді білім беру үрдісіне жүйелі түрде енгізу – заманауи мұғалімнің креативті шешімдерінің бірі болып табылады. Бұл әдіс бастауыш буындағы балалардың тұлғалық қалыптасуына оң әсер ететінін көрсетіп отыр.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Әбдікәрімова Т. «Бастауыш сыныптағы оқыту әдістемесі». – Алматы: Рауан, 2018. – 213 бет.
2. Құлмағанбетова Б. «Мультимедиялық технологияларды сабақта қолдану». – Астана: Фолиант, 2020. – 145 бет.
3. Ыбырайымова Ш. «Бастауыш сынып оқушыларының эмоциялық дамуы». – Алматы: Мектеп, 2017. – 198 бет.
4. Рахметова С. «Оқушылардың түсіну қабілетін арттыру жолдары». – Шымкент: Нұр-Білім, 2019. – 122 бет.
5. Мырзабекова Ә. «Педагогика және психология негіздері». – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 237 бет.
6. OECD Report. “The Power of Emotions in Learning” – Paris: OECD Publishing, 2021. – 85 pages.
7. Mayer R. E. “Multimedia Learning” – New York: Cambridge University Press, 2020. – 344 pages.
8. Berk L. E. “Child Development” (9th Edition). – Boston: Pearson Education, 2013. – 733 pages.

**Кенжебаев Төлеген Айтбекұлы**

Дене шынықтыру пәні мұғалімі, педагог-сарапшы

«Жетісу облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Талдықорған қаласының облыстық №1 «балабақша-мектеп-интернат» арнайы кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Түйіндеме. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының дене шынықтыру сабақтары арқылы денсаулығын нығайту, қозғалыс белсенділігін арттыру және тұлғалық қасиеттерін дамыту мәселелері қарастырылған. Дене шынықтыру сабақтарының бала ағзасының физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік дамуына әсері ғылыми және педагогикалық тұрғыдан талданады.

Түйінді сөздер: дене шынықтыру, бастауыш сынып, қозғалыс белсенділігі, салауатты өмір салты, тәрбие.

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы укрепления здоровья учащихся начальной школы посредством занятий физической культурой, повышения двигательной активности и развития личностных качеств. С научно-педагогической точки зрения анализируется влияние занятий физической культурой на физиологическое, психологическое и социальное развитие организма ребёнка.

Ключевые слова: физическое воспитание, начальная школа, двигательная активность, здоровый образ жизни, образование

Annotation. The article discusses the issues of improving the health of primary school students through physical education, increasing physical activity and developing personal qualities. From a scientific and pedagogical point of view, the influence of physical education classes on the physiological, psychological and social development of the child's body is analyzed.

Keywords: physical education, primary school, physical activity, healthy lifestyle, education

## Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – жас ұрпақтың денсаулығын сақтау және салауатты өмір салтын қалыптастыру. Бұл міндетті жүзеге асыруда дене шынықтыру сабақтарының рөлі ерекше. Әсіресе бастауыш сынып кезеңі – баланың физиологиялық және психологиялық дамуы қарқынды жүретін, қозғалыс белсенділігін қажет ететін маңызды кезең.

Бастауыш мектеп жасында қалыптасқан қимыл-қозғалыс дағдылары, дене мәдениетіне деген қызығушылық пен спортқа бейімделу баланың болашақ өмір салтына тікелей әсер етеді.

### Негізгі бөлім

#### 1. Дене шынықтыру сабағының тәрбиелік және дамытушылық рөлі

Бастауыш сыныптардағы дене шынықтыру сабақтары тек қимыл-қозғалыс жаттығуларының жиынтығы ғана емес, сонымен қатар оқушылардың тұлғалық, моральдық және ерік-жігерлік қасиеттерін қалыптастыру құралы болып табылады.

Мұндай сабақтар барысында оқушылар:

- қозғалыс үйлесімділігін дамытады;
- дене мүсіні мен қалыпты өсу процесін қолдайды;
- жауапкершілік пен тәртіпке үйренеді;
- ұжыммен қарым-қатынас жасау және ынтымақтастық дағдыларын меңгереді.

#### 2. Дене шынықтырудың физиологиялық маңызы

Жүйелі түрде өткізілетін жаттығулар баланың қан айналымын, тыныс алуын және зат алмасу процестерін жақсартады. Сонымен қатар, дене жаттығулары жүйке жүйесін тұрақтандырып, эмоционалдық тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді.

Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, белсенді қозғалысқа қатысатын балалардың оқу үлгерімі мен есте сақтау қабілеті жоғары болады.

#### 3. Сабақтағы ойын технологияларының тиімділігі

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың жетекші іс-әрекеті — ойын. Сол себепті дене шынықтыру сабақтарында ойын элементтерін енгізу тиімді педагогикалық әдіс болып табылады.

Қимыл-қозғалыс ойындары балалардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, бәсекелестік рухын, әділдік пен ұйымшылдық қасиеттерін дамытады.

#### 4. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен рөлі

Дене шынықтыру пәні мұғалімі – оқушылардың салауатты өмір салтына көзқарасын қалыптастырушы тұлға. Мұғалім әр баланың жас және жеке ерекшелігін ескере отырып, оқу жүктемесін дұрыс ұйымдастыруы қажет.

Сонымен қатар, педагогтың оқушыларды ынталандыруы, жағымды эмоциялық орта қалыптастыруы және ата-анамен тығыз байланыс орнатуы – сабақтың нәтижелілігін арттырады.

Қорытынды. Бастауыш сыныптағы дене шынықтыру сабағы – оқушылардың физикалық дамуы мен рухани жетілуінің негізі. Сабақ барысында қалыптасқан қозғалыс дағдылары, еңбекқорлық пен тәртіпке баулу қасиеттері баланың өмір бойғы серігіне айналады.

Сондықтан мектеп тәжірибесінде дене шынықтыру сабақтарының сапасын арттыру, оқу-әдістемелік жаңашылдықтарды енгізу және оқушылардың спорттық белсенділігін қолдау – заманауи білім беру жүйесінің басты бағыты болуы тиіс.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – Астана, 2020.
2. «Дене шынықтыру» пәні бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Астана, 2023.
3. Қасымова, А. «Бастауыш мектепте дене тәрбиесінің педагогикалық негіздері». – Алматы: Рауан, 2022.
4. Мұратова, Л. «Балалардың дене дамуы мен қимыл белсенділігін жетілдіру жолдары». – Педагогика журналы, №4, 2021

**Сергеева Лариса Витальевна**

Воспитатель, дефектолог, педагог-исследователь

КГУ «Областной специальный комплекс «детский сад-школа-интернат» №1 города Талдыкорган» государственного учреждения «Управление образования области Жетісу»

## **ШКОЛЬНАЯ ТЕПЛИЦА КАК ЭКОЛОГИЧЕСКИЙ И КОРРЕКЦИОННО-РАЗВИВАЮЩИЙ РЕСУРС В ИНКЛЮЗИВНОМ ОБРАЗОВАНИИ**

**Аннотация.** В статье рассматривается роль школьной теплицы как экологического и коррекционного пространства в коррекционной школе. Автор анализирует, как работа в школьной теплице способствует развитию экологической культуры, социализации учащихся с особыми образовательными потребностями, их психомоторных навыков и эмоционального благополучия. Приводится описание методики организации занятий, виды деятельности, оценки эффективности а также рекомендации для педагогов.

**Аңдатпа.** Мақалада мектептің жылыжайын экологиялық және коррекциялық кеңістік ретінде пайдалану мәселесі қарастырылады. Автор арнайы мектепте оқушылардың экологиялық мәдениетін дамыту, әлеуметтік бейімделу, психомоторлық дағдылар мен эмоционалдық әл-ауқатын жақсарту үшін жылыжайдағы жұмыстың рөлін талдайды. Зерттеуде сабақ ұйымдастыру әдістемесі, оқу-шығармашылық және практикалық іс-әрекеттер, тиімділікті бағалау тәсілдері, сондай-ақ педагогтар үшін ұсыныстар берілген.

**Abstract:** This article explores the role of a school greenhouse as both an ecological and corrective space in an inclusive school setting. The author analyzes how engaging students with special educational needs in greenhouse activities fosters ecological culture, socialization, psychomotor skills, and emotional well-being. The paper describes the methodology for organizing lessons, types of activities, evaluation of effectiveness, and provides recommendations for practitioners.

### **Введение**

Экологическое образование в Казахстане в последние годы приобретает стратегический характер: проекты «Жасыл мектеп», «Экоәлем», «Таза Қазақстан» включают создание школьных теплиц, компостных площадок, учебных эко-зон. Для педагога-дефектолога теплица — это не только экологический объект, но и коррекционно-развивающая среда, включающая: сенсомоторные стимулы, социально-коммуникативную работу, формирование трудовых навыков, эмоционально-позитивные переживания успеха.

**Теоретическое обоснование исследования.**

